ЖШС Құралай Аружан бөбекжай балабақшасы

2021-2022 оқу жылы

# Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

***Күні:02. 09.2021 Қыркүйек айы***

***Тақырыбы: «Не жоқ».*** *Балаларға дәнді- дақылдарды таныстыруға арналған танымдық ойын.*

***Мақсаты:*** *Балаларға дәнді дақылдармен таныстыру.Ойын арқылы зеиінін,есте сақтау қабілетін дамыту.*

***Көрнекілігі:*** *суреттер,дәнді-дақылдар.*

***Әдіс-тәсілі:*** *Түсіндіру,сұрақ-жауап,ойын.*

***Билингвалды компонент:*** *дәнді-дақылдар-*

***Сабақ барысы:*** *Балалар дәнді-дақылдарды білесіңдер ме?*

*-Ия білеміз.*

*-Дәнді-дақылдарды атаңдаршы?*

*-Бидай,арпа, сулы,маш,күріш т.б*

*-Дұрыс айтасыңдар балалар.*

*-Дәнді-дақылдар неден шығады?*

*-Дәннен.*

*-Дұрыс айтасыңдар балалар*

*-Дән нені қажет етеді?*

*-Суды,күн шуағын т.б*

*-Ал олай болса балалар мына жерде тек дәнді дақылдардың суреті бейнеленген «не жоқ»деген ойын ойнағыларың келе ме?*

***-Ойын:*** *«Не жоқ»*

*-Олай болса көздеріңді жұмыңдар қандай дәнді дақылдардың суреті жоқ екенін табамыз.*

*-Жарайсыңдар балалар.*

***Қорытынды:*** *Балалар дәнді дақылдарды ажырата біледі.Оларға су,күннің шуағы жылу керек екенін түсінеді.*

# Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

***Күні :09.09.2021***

***Тақырыбы:*** *«Дәнді дақылдар туралы тақпақтар»*

***Мақсаты:****Балаларды дәнді дақылдар мен таныстыру.Өлеңді жатқа айтуға,мән-мағанасын түсіне білуге үйрету,тілдерін дамыту.*

***Сабақ барысы:***

*-Балалар сендер дәнді –дақылдарды білесіңдер ме?*

*-Ия білеміз .*

*-Қандай дәнді-дақылдарды білесіңдер.*

*-Арпа,бидай,сулы,маш,горох.т.б.*

*-Дәнді –дақылдар қайда өседі?*

*-Үлкен алқапта.*

*-Адамдардың көмегімсіз өсе ме?*

*-Жоқ.*

*-Оларды дәннен егеді,арам шөптерден тазартады,суғарады.*

*-Сендер дәнді дақылдар туралы тақпақтар білесіңдер ме?*

*-Ия.*

***Өркен:*** *Тойғызар аш жұртты,*
*Деседі оны «мұртты».*
*Ол-ас*
*Алтын тас.*

***Көркем****:Белшеден су кешіп,*
*Ақ күріш тұр өсіп.*
*Күн сайын шомылар,*
*Таза ғой бұл күріш.*

***Қорытынды:*** *Балалар дәнді-дақылдар туралы көптеген тақпақтар айта біледі.*

# Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

***Күні: 16.09.2021.***

**Тақырыбы:** *«Бидай»(сурет боямақ).*

**Мақсаты:***Балаларды бидаймен таныстыру.Бізге берер, пайдасын түсіндіру.Балаларға ақ параққа салынған бидайдың суретін мұқият ұқыпты етіп бояуға үйрету.*

**Көрнекілігі:** *Суреттер,видео.*

**Әдіс-тәсілі:** *Түсіндіру,сұрақ-жауап.*

**Билингвалды компонент:** *Бидай-*

***Сабақ барысы:***

*-Балалар сендер бидайды білесіңдер ме?*

*-ия.*

*-Бидайды қалай өсіреміз?*

*-Дәннен егеміз,комбайынмен орамыз,қамбаға тасиды.*

*-Одан біз не жасаймыз?*

*-Диірменге апарып одан біз ұн жасаймыз.*

*-Ұннан не жасаймыз?*

*-Наубайханаға апарып нан пісіріп дүкендерге сатылымға шығарады.*

*-Оны кімдер жасайды?*

*-Біздің үлкен әпке,аналарымыз.*

*-Нан болмаса біз өмір сүре аламыз ба?*

*-жоқ.*

*-Балалар енді алдарыңда тұрған ақ параққа салынған бидайдың суретін бояимыз,сызықтан шығармай,мұқият етіп бояимыз.*

**Қорытынды:***Балалар бидаймен танысты,оның бізге берер пайдасын түсінді.*

# Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

***Күні: 23.09.2021.***

***Тақырыбы:*** *«Санамақ»(гүлдер туралы)*

***Мақсаты****:Балаларды гүлдер туралы санамақтармен таныстыру.Санамақты түсініп,есте сақтауға үйрету.*

***Сабақ барысы:***

*-Балалар сендер гүлдерді білесіңдер ме?*

*-Ия білеміз.*

*-Гүлдер неше топқа бөлінеді?*

*-Екі топқа бөлінеді,дала гүлдері,бөлме гүлдері.*

*-Гүлдерді қалай күтіп баптаймыз?*

*-Су құямыз,арам шөптерден тазартамыз,күннің жылуы керек.*

*-Гүлді қай мезгілде егеміз?*

*-Көктем.*

*-Көктем мезгілінде қалай егеміз?*

*-Аударылған дайын өңделген жерге ұрығын тастап күтіп баптаймыз.*

*-Гүл бізге не үшін керек?*

*-Біз оны анамызға,апа әпкелерімізге сыйлаймыз.*

*-Гүлдің иісі қандай болады?*

*-Қош иісті,жұпар иісті әдемі.*

*-Сендер гүлдер туралы санамақ білесіңдер ме?*

*-Ия.*

***Айдос****: Бір дегенім- бақбақ,*
*Үлпілдегі жақсы-ақ.*
*Жол шетінде тұрса,*
*Кетпеңіздер таптап.*

***Жандос****:Екі дегенім-ерінгүл,*
*Гүл күтудің ебін біл.*
*Гүлдейді л көктемде,*
*Күн нұрын жерге төккенде.*

***Бағдаулет:*** *Он дегенім-оймақгүл,*

***Медет****:Санамақты жатта,*

*Оймақгүл қырда жайнап тұр.*

*Оймақгүлдің үстінде,*

*Көбелек қонып,ойнап тұр.*

*Барғын жиі баққа.*

*Өсімдікті танып,*

*Біліміңді бапта.*

***Аяла:*** *Саусағыңды бүгін,*

*Алғын атын біліп.*

*Мәңгі есіңе сақта,*

*Қасиетін ұғып.*

*-Жарайсыңдар,балалар сендер гүлдер туралы санамақтарды біледі екенсіңдер.*

***Қорытынды****:Балалар гүлдер туралы санамақты жатқа айта біледі.*

# Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

***Қазан айы.Күні**:30.09.2021ж*

***Тақырыбы**: «Көкөністер дауы»(ертегіні сахналау)*

***Мақсаты**:Балаларды көкөністер дауы ертегісімен таныстырып,олардың пайдасы туралы түсінік беру.Ертегіні сахналағанда рөльге ене білуін,айтатын сөзін мәнерімен айтуға дағдыландыру.*

***Көрнекілігі**: Көкөністер, суреттер,кітап.*

***Әдіс-тәсілі**: Түсіндіру,сұрақ-жауап,ойын.*

***Жаңа сөздер**: дауа*

***Билингвалды компонент**:Көкөністер-фруктый*

***Жеке жұмыс**:Сөйлеуге батылы жетпейтін балалармен жеке жұмыс жүргізу.*

***Сабақ барысы**:*

*Балалар көкөністерді білесіңдер ме?*

*-ия білеміз.*

*-Қандай көкөністерді білесіңдер?*

*-бұршақ,қызылша,қырыққабат,қияр,шалқан,сәбіз,қызанақ,пияз,картоп.*

*-Жарайсыңдар балалар сендер көптеген көкөністерді біледі екенсіңдер. Ал енді балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын.*

***1**.Қалың киім ұнатады,*

*Шешіндірсең жылатады (пияз) .*

***2**.Жер бетінде шашы бар,*

*Жер астында басы бар (сәбіз).*

*-Дұрыс айтасыңдар балалар.*

*-Балалар көкөністер қайда өседі?*

*-Бау-бақшада жерде өседі.*

*Балалар көкөністердің бізге пайдасы бар ма?*

*-Ия пайдасы мол витаминдерге бай*

*-Ендеше мен балалар сендерге «Көкөністер дауы» ертегісін оқып беремін сендер мұқият тыңдаңдар.Балалар ертегіні мұқият тыңдап оны сахналай біледі,рөлге ене*

*-Ендеше мен балалар сендерге «Көкөністер дауы» ертегісін оқып беремін сендер мұқият тыңдаңдар.Балалар ертегіні мұқият тыңдап оны сахналай біледі,рөлге ене біледі*

***Қорытынды**: Балалар ертегіні мұқият тыңдай отырып рөлге ене білді.*

*.Балалар рөлге еніп сахналай білуді үйренді.*

# Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

*Күні: 07.10.2021ж*

***Тақырыбы:** «Көкөністер тақпақтар»*

***Мақсаты**:Көкөністер туралы білімдерін кеңейту.Күзде пісетін көкөністерді атау,оларды өсіруге және күтім жасауға үйрету.Көкөністер туралы тақпақтар жатқа айтуға мән-мағанасын түсіне білуге үйрету,тілдерін дамыту*

***Сабақ барысы:*** *-Балалар сендер көкөністерді білесіңдер ме? -Ия білеміз.*

*–Қандай көкөністерді білесіңдер? – қияр,қызанақ,қауын,қарбыз,қызылша т.б.*

*– Жарайсыңдар балалар.*

*– Көкөністерді қай мезгілде егеміз? -Көктем мезгілінде.*

*–Көкөністер қай мезгілде піседі? -Күз мезгілінде .*

*–Дұрыс айтасыңдар.*

*– Көкөністер туралы тақпақ білесіңдер ме? -ия білеміз.* ***Алпамыс**.Теңбіл-теңбіл қарбызды,*

*Тентек Серік жарғызды.*

*Сонан соң оны жеді,*

*Жеді де былай деді,*

*Сүйек болмаса,еті.*

*Неткен тәтті деді.*

***Нұрасыл**.Сары алтындай әңгелек,*

*Қандай тәтті әңгелек.*

*Дәмі аузыңнан кетпейді,*

*Балың да оған жетпейді.*

*Бақшада көп әңгелек,*

*Добымыздай дөңгелек.*

*– Жарайсыңдар балалар,сендер көптеген көкөністер туралы тақпақтар біледі екенсіңдер.Ендеше көкөністер жайлы ойын ойнайық. «Көкөністер мен жемістер»ойын.* ***Қорытынды**:Балалар көкөністер жайлы көптеген тақпақтар біледі.Көкөністер мен жемістерді ажырата білді.*

**Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы**

*Күні: 14.10.2021ж*

***Тақырыбы**:Көкөністер жұмбақтар*

***Мақсаты**:Балаларды көкөністермен таныстыру.Көкөністердің пайдасы туралы түсінік беру.Көкөністер туралы жұмбақтарды жатқа айта білуге үйрету.*

***Сабақ барысы**:Балалар сендер көкөністерді білесіңдер ме? -ия деді балалар. –Көкөністер қайда өседі? -бау-бақшада. Көкөністерді қай мезгілде егеміз? -Көктем мезгілінде егеміз. –Көкөністер қай мезгілде піседі? -Жаз,күз мезгілінде.*

*–Көкөністерді қай мезгілде жинап аламыз? -Күз мезгілінде. –Қыс бойы жинап терген көкөністерді сақтап жеп шығамыз. –Балалар сендер көкөністер туралы жұмбақтар білесіңдер ме?* ***Аяла.** **1.**Қалың киім ұнатады,*

*Шешіндірсең жылатады.(пияз)*

***Медет.2.**Жер бетінде шашы бар,*

*Жер астында басы бар.(сәбіз)*

*–Пияз,сәбіз неге жатады? -көкөніске. –Көкөністер не қажет етеді? -су,күннің жылуын,арам шөптерден тазартып отыруымыз қажет. –Қанекей кім мақал айта біледі?* ***Нұрасыл.** Жазда не ексең-күзде соны орасың. –Жарайсыңдар балалар.*

*Көкөністер жайлы енді ойын ойнап жіберейік.Ойын: «Кім не біледі?».*

***Қорытынды**:Балалар көкөністер жайлы жұмбақ,мақал айта білді.*

## Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

***Күні***: 21.10.2021ж

***Тақырыбы***: *«Қиярдың суретін боямақ»*

***Мақсаты***:*Балаларды қиярмен таныстыру.Табиғатты сүюге қорғауға тәрбиелеу.Көкөністердің ішінде қиярды бейнелеуді қалыптастыру.*

***Сабабарысы: Сабақ***

*-Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілі.*

*–Күз мезгілінде неше ай бар? -Үш ай бар.*

*–Қандай айлар атап беріңдерші? - Қыркүйек,қазан,қараша.*

*–Күз мезгілінің қандай ерекшеліктерін білесіңдер? -Шөптер қурап сарғайа бастайды,жапырақтар қурап,сарғайып жерге түседі, ағаштар ұйқыға кетеді,егіндегі астықтар жиналып қамба астыққа толады.*

*–Сендер қиярды білесіңдер ме? - ия,білеміз.*

*–Қияр неге жатады? -Көкөністерге.*

*–Қиярды қай мезгілде егеміз? - Көктемде дәннен егеміз.*

*–Қай мезгілде піседі? -жаз,күз мезгілінде.*

*–Қай мезгілде жинап аламыз? -Күз мезгілде.*

*–Қиярдың түсі қандай болады? -Жасыл.*

*–Дұрыс айтасыңдар балалар. –Қияр қайда өседі? -бақшада.*

*–Қиярға қандай қамқорлық жасаймыз? - егеміз,арам шөптерден қорғаймыз.,суғарамыз,түбін қопсытамыз. –Ал ендеше балалар сендердің алдарыңда тұрған ақ параққа салынған қиярдың суретін бояймыз,сызықтан шығармай мұқият,ұқыпты етіп бояимыз.*

*Ойын: «Бұл қай кезде болады?».*

***Қорытынды:***Балалар ақ параққа салынған қиярдың суретін мұқият бояйды

## Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

***Күні:* 28.11.2021ж .**

***Тақырыбы:*** *«Асылбақ»(гүл санамақ)*

***Мақсаты****:Балаларды гүлдердің санамақтарымен таныстыра отырып олардың пайдасы туралы жан-жақты мәлімет беру.Асылбақ гүлімен таныстыру.*

***Сабақ барысы****:* *-Балалар сендер гүлдерді білесіңдер ме? -ия.*

*–Қандай гүлдерді білесіңдер? - Бақбақ,раушан,бәйшешек,асылбақ жұпаргүл –Жарайсыңдар балалар сендер гүлдердің көптеген түрлерін біледі екенсіңдер.*

*–Гүлдер неше түрге бөлінеді? -дала және бөлме гүлдері болып екіге бөлінеді –Дұрыс айтасыңдар бүгінгі біздің дала гүлдері жайлы әңгіме етеміз. –Балалар Асылбақ гүлін сендер білесіңдер ме? -ия,деді балалар*

*–Асылбақ гүлі қандай гүлдерге жатады? -дала гүліне –Гүлдің түсі қандай –қызыл.*

*– Иісі бар ма,қандай иісі бар? -Қош иісті Балалар гүлдерді біз тағы қайда егеміз –Аулаға.*

*–Ауладағы гүлдерді қай мезгілде егеміз? -көктем Көктем мезгілінде егін,оны суғарып,арам шөптерден арылтып отырамыз. –Қай мезгілде қурайды? -Күз мезгілінде*

*–Дұрыс айтасыңдар балалар –Балалар сендер гүлдер туралы санамақ білесіңдер ме? -ия*

***Жайсанбек****. Бір дегенім-бақбақ,*

*Үлпілдегі жақсы-ақ*

*Жол шетінде тұрса,*

*Кетпеңіздер таптап*

***Мирас****. Бес дегенім-бәйшешек,*

*Бірінші гүлі көктемнің*

*Бәйшешекті оятар,*

*Баяулап түртіп,көктем күн*

***Азамат****.Алты дегенім-асылбақ,*

*Аулам менің жасыл мақ,*

*Баққа отырғыз,құр қалма,*

*Одан озар гүл бар ма?* *Балалар енді барлығымыз бірге ойын ойнайық* ***Дидактикалық ойын:*** *«Қиық суреттер».Тәрбиеші балаларға суреттегі гүлдің қиылған бөліктерін үлестіріп береді.Балалар үлгіге қарап гүлдің суретін құрастыруы тиіс*

***Қорытынды:****Балалар гүлдер туралы көптеген санамақтар біледі*

## Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

*Күні: **04.11.2021ж***

***Тақырыбы:** Терек (теректің жапырағы)*

***Мақсаты:** Балаларды терек ағашымен таныстыру.Терек ағашының бізге берер пайдасымен,оларды қалай күтіп баптау туралы түсінік беру.* ***Сабақ барысы:***

*-Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -күз мезгілі. –Күз мезгілінде неше ай бар? -Қыркүйек,қазан,қараша. –Бүгін аптаның нешінші күні? -бесінші,жұма күні. –Күз мезгілінің нешінші айы? -үшінші қараша айы.*

*–Балалар сендер теректі білесіңдер ме? -Ия.*

*–Терек ол не? -ағаш.*

*–Біздің бақшаның ауласында терек ағашы бар ма? -Бар.*

*–Жапырақтары бар ма? -Жоқ.*

*–Неге жапырақтары жоқ? -Өйткені жапырақтары күз мезгілінде сарғайып жерге түседі. –Дұрыс айтасыңдар,балалар. –Ал ендеше біз теректің жапырағын бояимыз.Ақ параққа салынған теректің жапырағы,соны бояимыз.Теректің жапырағының түсі қандай болады? -Жасыл. –Қазір қандай? -сары.*

*–Ал балалар ендеше мұқият бояимыз сызықтан асырмай әдемі етіп бояимыз.Ойын: «Ағаштар мен бұталар».* ***Қорытынды:****Балалар ақ парақта салынған теректің жапырағының суретін бояиды*

**Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы**

***Күні:* 04.11.2021ж**

***Тақырыбы:*** *Терек (теректің жапырағы)*

***Мақсаты:*** *Балаларды терек ағашымен таныстыру.Терек ағашының бізге берер пайдасымен,оларды қалай күтіп баптау туралы түсінік беру.* ***Сабақ барысы:***

*-Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -күз мезгілі.*

*–Күз мезгілінде неше ай бар? -Қыркүйек,қазан,қараша.*

*–Бүгін аптаның нешінші күні? -бесінші,жұма күні.*

*–Күз мезгілінің нешінші айы? -үшінші қараша айы.*

*–Балалар сендер теректі білесіңдер ме? -Ия.*

*–Терек ол не? -ағаш.*

*–Біздің бақшаның ауласында терек ағашы бар ма? -Бар*

*–Жапырақтары бар ма? -Жоқ.*

*–Неге жапырақтары жоқ? -Өйткені жапырақтары күз мезгілінде сарғайып жерге түседі. –Дұрыс айтасыңдар,балалар.*

*–Ал ендеше біз теректің жапырағын бояимыз.Ақ параққа салынған теректің жапырағы,соны бояимыз.Теректің жапырағының түсі қандай болады? -Жасыл.*

*–Қазір қандай? -сары.*

*–Ал балалар ендеше мұқият бояимыз сызықтан асырмай әдемі етіп бояимыз.Ойын: «Ағаштар мен бұталар».* ***Қорытынды:****Балалар ақ парақта салынған теректің жапырағының суретін бояиды*

## Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

*Күні:18.11.2021 ж*

***Тақырыбы:** «Қызғалдақ»ертегісі*

***Мақсаты**:Балаларды «қызғалдақ»ертегісімен таныстыру.Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту,есте сақтауға үйрету.*

***Сабақ барысы:***

- *Балалар сендер қызғалдақ гүлін білесіңдер ме? –Ия білеміз. –Қызғалдақ гүлі қай мезгілде шығады? -Көктем мезгілінде. –Қызғалдақ гүлінің түсі қандай болады? -Қызыл,сары түсті болады.*

*–Балалар мен сендерге «қызғалдақ»ертегісін оқып беремін мұқият тыңдаймыз.*

*–Еңбекқор әиелдің аты кім екен? -Мәри.*

*–Ғажайып бағында қандай гүлдер түрі бар екен? - Ақ,қызыл,сары,көк табиғатта кездеспейтін қоңыр,жасыл,қара,күміс,алтын,түсті гүлдер де бар. –Мәри қалай өсіреді екен?*

*-Жүрегі таза, мейірімді гүлдеріне үлкен сүйіспеншілікпен қарайды. – Соңында Мәри көшіп кеткеннен кейін не істейді,көршілері қызғалдақты барлығы бөліп алып үйлеріне апарып қондырып қояды. –Гүл періштелері осыдан кейін сыйлаған ғажайып хош иісі жоғалып кетіпті.Сөйтіп бұрынғы иісін қайтара алмапты. –**Қорытынды**:Балалар ертегіні мұқият тыңдап қайта түсінігін айта білді.*

**Варнативтік оқу қызметінің технологиялық картасы**

*Күні: 25.11.2021 ж*

***Тақырыбы:** Ақ саңырау құлақ*

***Мақсаты**:Балаларды саңырауқұлақтармен таныстыру.Саңырауқұлақтың пайдасы мен зиянын ажырата білуге үйрету.* ***Сабақ барысы:***

*-Балалар сендер саңырауқұлақты білесіңдер ме? -Ия білеміз.*

*– Саңырауқұлақтар қай мезгілде шығады? -Көктем мезгілінде шыға бастайды.Көктем мезгілінде күн күркірегенде әсіресе көп шығады.*

*–Саңырауқұлақтың барлығын жеуге бола ма? -Жоқ.*

*–Саңырауқұлақтар улы және усыз болып бөлінеді. –Бір саңырауқұлақтардың улысын жеуге болмайды.Саңырауқұлақтарды бір қайнатып тастап жеуге болады. –Саңырауқұлақтардың пайдасы бар ма? -Ия бар.*

*–Саңырауқұлақтарды қалай пайдаланамыз? -Суға қайнатып тастап,қуырып жейміз. –Тек қана көктем мезгілінде ғана шығады. – Саңырауқұлақтар қайда шығады?*

*Саңырауқұлақтар қырда,орманда,жерлерде шығады.*

***Дидактикалық ойын:** «Табиғаттың кереметі».Үлестірмелі материалды таңдап алып,солардың атынан сөйлеп,олардың не істей алатыны жөнінде сөйлейді.*

*–Күн не береді?(жылу,жарық,күн энергиясын береді). –Жел не істейді?(соғады,бұлттар көшеді). –*

***Қорытынды**:Балалар саңырауқұлақтың улы және усыз болатынын біледі.Улысын жеуге болмайды.*

## Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

***Күні:*** *02.12.2021 ж*

***Тақырыбы:*** *«Құлпынай»(суретін салу).*

***Мақсаты:****Балаларды құлпынаймен таныстыру.Құлпынайдың суретін мұқият сызықтан шығармай бояуды үйрету.*

***Сабақ барысы:***

*-Балалар сендер құлпынайды білесіңдер ме?* *-Ия білеміз.*

*–Құлпынайдың түсі қандай болады.* *–Қызыл.*

*–Құлпынай неге жатады?* *-Жидекке.*

*–Құлпынай қай мезгілде піседі?* *–Жаз мезгілінде.*

*–Құлпынайдан не жасаймыз?* *-Тосап жасаймыз.*

*–Құлпынайдың бізге пайдасы бар ма?* *-Тосаптың пайдасы көп,тұмау болғанда шайға салып ішеміз.*

*–Құлпынай туралы тақпақ білесіңдер ме?* *-Ия білеміз.*

***Саят .*** *Ормандағы аюдың ,*

*Құлпынайы көп екен.*

*Теріп-теріп алайық,*

*Қалтамызға салайық.*

*–Жарайсыңдар ,балалар. Енді мұқият алдарыңда ақ параққа салынған құлпынайдың суреті бар.Сызықтан шығармай мұқият бояймыз.Құлпынайдың түсі қандай болады?* *–Қызыл.*

*Ендеше құлпынайды қызыл түсті бояумен бояймыз.*

***Қорытынды:*** *Балалар құлпынаймен таныс екенін білдіреді. Құлпынайдың пайдасы мол екенін біледі.*

# Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

***Күні:* 09.12.2021 ж**

***Тақырыбы:*** *«Жиде» (ағаштармен таныстыру).*

***Мақсаты:****Балаларды жиде ағаш түрлерімен таныстыру. Жиде ағашының бізге берер пайдасы туралы,олардың қалай өсіп-өнуі жайлы түсінік беру.*

***Сабақ барысы:***

*Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілі. –Қыс мезгілінде қандай айырмашылықтар бар? -Қар жауады,күн суық,аязды болады,мұз қатады. –Қыс мезгілінде жиде бола ма? -Жоқ.*

*–Көктем мезгілінде бүршік атып гүлдейді. –Жаз мезгілінде,күз мезгілінде піседі. –Жиденің пішіні қандай болады? -Кішкене сопақша,домалақ болады.Үлкен жиделер де болады. –Күз мезгілінде піседі, піскен соң жинап алу керек. –Жиденің бізге пайдасы бар ма? -Бар көп пайдасы. Іш ауырғандарға,іші қатып қалғандарға ем ретінде береді. Жидені көшет қылып егеміз,содан соң дәу жиде болып өседі ,жиде гүлдеп,жиде салады.Жиде де жемістер сияқты көктемде гүлдеп,күз мезгілінде піседі.Қыста демалады.*

***Қорытынды:****Жиденің бізге пайдасы мол екенін біледі.*

## Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

***Күні:*** *16.12.2021 ж*

***Тақырыбы:*** *«Жемістер жырын»(жаттау).*

***Мақсаты:****Жемістер туралы білімдерін кеңейту.Жемістерді атау,оларды өсіруге және күтім жасауға үйрету.Жемістер жырын жатқа айтуға үйрету.*

***Сабақ барысы:*** *-Балалар сендер жемістерді білесіңдер ме? -Ия білеміз. –Жемістерді қай мезгілде егеміз? -Көктем мезгілінде егеміз. –Жаз мезгілінде күтіп баптап, күз мезгілінде жинап аламыз. –Жемістерді қалай егеміз? -Тамыр шығарып,көшет қылып отырғызамыз. –Ал енді оны қалай отырғызамыз? -Күрекпен қазып көшетті қойып түбіне су құйып отырғызамыз. –Отырғызған көшетіміз жақсы күтім жасап баптасақ үш жылда өнім береді. –Қандай жеміс түрлерін білесіңдер? -Алма,шие,алмұрт,өрік,жүзім т.б. –Кім жемістер туралы тақпақтар біледі?* ***Аяла****. Мен алмамын,алмамын,*

*Таңдай жұлар бар дәмін.*

***Аян.*** *Мен өрікпін,өрікпін,*

*Табиғатқа көрікпін.*

***Нұрасыл****. Мен шиемін, шиемін,*

*Күннің көзін сүйемін.*

*Қышқыл шырын менде бар,*

*Төмен басты иемін.*

***Көркем****. Мен алмұртпын,алмұртпын,*

*Аузындамын бар жұрттың.*

***Алина****. Мен жүзіммін,жүзіммін,*

*Моншақ болып тізілдім.*

*–Міне балалар жемістер жырын жатқа айталамыз ба? -Ия айталамыз. –Жарайсыңдар,балалар.*

***Қорытынды****:Балалар жемістер жырын жатқа айта біледі.*

# Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

*Күні: 23.12.2021 ж*

***Тақырыбы**: «Қалақай неге күйдіреді?».*

***Мақсаты**:Балаларды қалақай жидегімен таныстыру.Қалақайдың қасиеттерімен пайдасы туралы мәлімет беру.Әңгіменің желісімен таныстыру.*

***Сабақ барысы**:Қалақай ертеде тоқыма өсімдігі болған.Қалақайдың шаққаны пайдалы,оның клеткалары ағзаға өте пайдалы құмырсқа қышқылынан тұрады.Қалақайды жеуге болады.,көптеген дәрумендер мен минералды тұздарға бай.Оның жапырақтарынан жасыл түсті тағамдық бояу суға салып алу қажет.Оның жапырақтарынан жасыл түсті тағамдық бояу жасайды.Ал халық медицинасында ішкі қанды тоқтату үшін пайдаланады.*

*–Қалақайды білесіңдер ме? -Ия деді,балалар. «Қалақай неге күйдіреді?»әңгімесін тәрбиеші оқып желісі бойынша түсінігін талқылайды.*

*–Зере жылда қайда барады? -Атасының аулына демалысқа барады. –Атасы оған не туралы әңгіме айтып береді. –Зере бақшаға атасынан бұрынырақ кіріп не істейді. –Бақшаға кірген бойда қолымен ұстап көрмек болып еді,қолын бірдеңе шағып алғандай ду ете қалды.Қатты ашығаны сонша көздерінен жас атып шықты.Оның күйдіретінін білмеуші мең?деді.*

*–Зере жыламсырап-тікенектері жоқ,жанатын оты жоқ,ол қалай күйдіреді?Тікенектері бар,ол өте ұсақ,көзге әрең көрінеді.Қалақайдың тұла бойы түкті болып келеді.Қалақай күйдірмегендігі болмасада дәмді де пайдалы өсімдік.*

***Қорытынды**:Балалар қалақайдың күйген жерін дуылдатып,ашытатын көп жылдық өсімдік екенін біледі.*

**Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы**

***Күні:*** *30.12.2021 ж*

***Тақырыбы:*** *«Шалқан»ертегісін сахналау.*

***Мақсаты:****Балаларды «Шалқан»ертегісімен таныстыру.Ертегінің мәтінін бұзбай әңгімелеуді үйрету.Рольге ене білуге кейіпкердің сөздерін жатқа айтуға үйрету.Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.*

***Сабақ барысы:***

*Жылулық лебізі шеңбер болып тұрады.Бір-біріне бұрылып ,әдемі сөздер айтады.Балалар бүгін мен сендерге Шалқан ертегісінің мәтінін оқып беремін мұқият тыңдап сахналаймыз.*

*–Атай не егеді?*

*-Шалқан.*

*–Шалқанды алғаш кім тартады?*

*-Атай.*

*–Атай кімді көмекке шақырады?*

*-Әжейді.*

*–Атай мен әжей тарта ала ма?*

*-Жоқ.*

*–Көмекке кімді шақырады?*

*-Немере қызын.*

*–Қызынан кейін итті,одан кейін мысығын шақырады,соңында тарта алмаған соң кімді көмекке шақырады?*

*-Тышқанды.*

*–Тышқанды көмекке шақырған соң не істейді?*

*-Бәрі жабылып Шалқанды тартып алады.*

*–Ал енді балалар сендерде үйлеріңде аталарыңа,апаларыңа көмектесесіңдер ме?*

*-Иә,деді балалар.*

*–Дұрыс айтасыңдар балалар үлкендерге, кішілерге көмек беруіміз керек.*

*–Жарайсыңдар, балалар.*

***Қорытынды:****Балалар үлкенге құрмет,кішіге ізет деген,үлкендерге көмек беру керек екенін біледі.*

**Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы**

*Күні: 30.12.2021 ж*

***Тақырыбы**: «Ағаштар»туралы мақал-мәтелдер.*

***Мақсаты**:Балаларды ағаштармен таныстыру.Ағаштардың бізге пайдасы туралы,ағаштар туралы қандай мақал-мәтелдер білетінін таныстыру.*

***Сабақ барысы**:* *-Балалар біз ағаштарды білеміз.* *–Ағаштардың бізге пайдасы бар ма?* *-Пайдасы мол,бізге жазда көлеңке беріп,ауаны тазартып тұрады.*

*Ағаштарды қалай көбейтеміз?* *-Көшет қылып егеміз.* *–Балалар қараңдаршы біздің аулада ағаштар бар ма?* *-Ия көп.*

*–Қандай ағаштарды көріп тұрсыңдар?* *-Терек,шырша,т.б.* *–Балалар сендер ағаштар туралы мақал-мәтелдер білесіңдер ма?*

*-Ия.* *–Қане олай болса кім айтады.Ағаштар туралы мақал-мәтелдер.*

***Айсұлтан**: Бір тал кессең,*

*Он тал ек.*

***Ерасыл**: Ағаш көркі жапырақ.*

***Гүлсезім**: Атаңнан мал қалғанша,тал қалсын.* *Жарайсыңдар, балалар сендер көптеген мақал-мәтелдер біледі екенсіңдер.Ағаштардың көптеген пайдасы бар екен.* ***Қорытынды**:Балалар ағаштар туралы мақалдарды жатқа айта білді.*

## Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

***Күні***: *30.12.2021 ж*

***Тақырыбы***: *«Ағаштар»туралы мақал-мәтелдер.*

***Мақсаты***:*Балаларды ағаштармен таныстыру.Ағаштардың бізге пайдасы туралы,ағаштар туралы қандай мақал-мәтелдер білетінін таныстыру.*

***Сабақ барысы***: *-Балалар біз ағаштарды білеміз. –Ағаштардың бізге пайдасы бар ма? -Пайдасы мол,бізге жазда көлеңке беріп,ауаны тазартып тұрады. –Ағаштарды қалай көбейтеміз? -Көшет қылып егеміз. –Балалар қараңдаршы біздің аулада ағаштар бар ма? -Ия көп. –Қандай ағаштарды көріп тұрсыңдар? -Терек,шырша,т.б. –Балалар сендер ағаштар туралы мақал-мәтелдер білесіңдер ма? -Ия. –Қане олай болса кім айтады.Ағаштар туралы мақал-мәтелдер.* ***Айсұлтан:*** *Бір тал кессең,*

*Он тал ек.*

***Ерасыл:*** *Ағаш көркі жапырақ.*

***Гулсезім***: *Атаңнан мал қалғанша,тал қалсын. Жарайсыңдар, балалар сендер көптеген мақал-мәтелдер біледі екенсіңдер.Ағаштардың көптеген пайдасы бар екен.* ***Қорытынды***:*Балалар ағаштар туралы мақалдарды жатқа айта білді.*

**Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы**

*Күні: 06.01.2022 ж*

***Тақырыбы**: «Бөртегүл»(гүлдерімен таныстыру).* ***Мақсаты**:Балаларды Бөртегүл гүлдерімен таныстыру.Бөртегүлдің ерекшеліктерімен,оның пайдасымен таныстыру.*

***Сабақ барысы:***

*-Балалар Бөртегүлді көргендерің бар ма? -Ия деді балалар.*

*–Бөртегүл қай мезгілде гүлдейді? -Көктем мезгілінде гүлдейді.*

*–Бөртегүл өзіне қоректі заттарды, олар тамыры,сабағы,жапырағы, арқылы алады.*

*–Бөртегүл ашық күнді сүйеді,көлеңкелі жерде де ұзақ гүлдейді,жақсы өседі.*

*–Бөртегүл өсу үшін не қажет? -Қоректік заттарды тамыры сабағы,жапырағы арқылы алады.*

*–Көктем мезгілінде гүлдейді.Гүлдеп болған соң қураған гүлшоғырларын уақыт өткізбей кесіп тастау керек.Себебі гүлдеген бұталары келесі жылы жарамайды.Гүлдеп біткен соң гүлсабағымен қатар әлсіз бұталарын да түбінен кесіп алып тастау керек.Мамыр,маусым айларында топырағын құрғатып жібермей суғарып отырса,гүлді мол береді.Бөртегүл жыл сайын тамырынан бірнеше өскін шығарады.Бөртегүл хош иісті өсімдік қана емес,сонымен қатар оның бүршігінде,гүлінде және дінінің қабығында дәрілік қасиеттері бар.Бөртегүлден жасалған дәрілерді қызуды түсіруге,терлетуге пайдаланады.*

***Қорытынды**:Балалар Бөртегүлдің пайдасы мол екенін біледі.Бөртегүлге күтім көп қажет етеді.*

**Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы**

*Күні: 13.01.2022 ж*

***Тақырыбы**:Жемістер туралы тақпақтар жаттау.*

***Мақсаты**:Балаларға жемістер туралы түсінік беру.Сөздік қорын,сөйлеу қабілетін есте сақтау қабілеттерін жақсарту.*

***Сабақ барысы**:Балалар сендер жемістерді білесіңдер ме?* *-Ия білеміз.*

*–Қандай жемістерді білесіңдер, атайықшы?* -

*Алма,алмұрт,шие, жүзім,өрік т.б.* *–Дұрыс айтасыңдар балалар.* *–Ағаштар қай мезгілде бүршік атып жапырақ жайа бастайды.* *–Қазір ағаштарда жапырақ ар ма?*

*-Жоқ.* *–Неге.*

*–Өйткені қазір жылдың қыс мезгілі.* *–Қыста ағаштар не істейді?* *-Демалады.*

*–Келесі –ай көктем мезгілі,көктем мезгілінде ағаштар бүршік атып ұйқыдан ояна бастайды.Ағаштар бүршік атып жапырақ жайа бастайды.*

*–Жемістер қай мезгілде піседі?* *-Күз мезгілінде*

*-Балалар жемістердің бізге пайдасы бар ма?* *-Пайдасы бар.*

*–Жемістерде көптеген витаминдер бар.Витаминдердің бізге пайдасы көп болады.*

*–Балалар сендер жемістер туралы тақпақтар білесіңдер ме?* *-Ия білеміз.*

*–Қане есімізге түсірейікші.* *–Балалар жемістер туралы тақпақтар айтады.*

***Мирас**:Мен шиемін,шиемін,*

*Күннің көзін сүйемін.*

*Қышқыл шырын менде бар,*

*Төмен басты иемін.*

*Жарайсыңдар балалар сендер жемістер туралы тақпақтарды жатқа айта біледі екенсіңдер.*

***Қорытынды**:Балалар жемістер туралы тақпақты жатқа айта біледі.*

## Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

*Күні:20.01.2022ж*

***Тақырыбы:****Алма. (мүсіндеу)*

***Мақсаты:****Балаларды алмамен таныстыру.Жемістердің пайдасымен оларды күтіп баптау керек екенін түсіндіру.Ермексазбен домалақтау,жалпақтау арқылы алманы мүсіндеуді үйрету.*

- ***Сабақ барысы:***

*-Балалар сендер алманы білесіңдер ме?*

*-Қане балалар қандай жемістерді білесіңдер?*

*Шие,алма,алмұрт,жүзім,өрік.т.б.*

*–Алма жемістерге жатады ма? -Ия.*

*–Алманың бізге пайдасы бар ма? -Алмада көптеген витаминдер болады. –Алманың түсі қандай болады?*

*-Қызыл,сары,жасыл.т.б. –Пішіні қандай?*

*-Дөңгелек,сопақша. –Алма қалай пайда болады? -Ерте көктемде көшетін егеміз,оны күтіп баптаймыз.2-3 жылдан кейін алма өнімін салады.Әр жылы оның керек емес шақтарын,өнім салмайтын шақтарын бағбандар қырқып тұрады.Оны суғарамыз,түбін қопсытамыз,жеміс ағашының төмен жағын әктейміз,құрт-құмырсқаға қарсы дәрілер шашамыз.*

*–Алмалар қай мезгілде піседі? -Жаз,күз мезгілінде.Дұрыс айтасыңдар балалар.Жаздық алма,жаз мезгілінде,күздік алма,күз мезгілінде піседі.Ал балалар алдарыңда тұрған кішкене тақтайша мен ермексаз тұр.Ендеше ермексазды алып алақанымызға салып домалақтау арқылы алманы,есу арқылы оның сабағымен жапырағын мүсіндейміз.*

***Қорытынды:****Балалар ермексазбен алманы мүсіндеді.*

## Вариативтік оку қызметінің технологиялық картасы

*Күні:* *27.01.2022 ж*

***Тақырыбы**.Бақшаны баптаймын.Өлеңін жаттау.*

***Мақсаты**:Балаларды «бақшаны баптаймын»өлеңімен таныстыру.Өлеңнің мазмұнын түсіндіріп,жатқа айта білуге үйрету.Бақшаны баптау туралы ойларын толықтыру.*

***Сабақ барысы:***

*-Балалар «Бақшаны баптаймын» өлеңімен таныстыру.*

*–Өлеңде не туралы айтылған?*

*-Жемістер,бау-бақша,құстар,су,бақша құралы,ағаштар,арам шөптер туралы айтылған.* *–Жарайсыңдар балалар.*

*–Балалар өлеңді мен айтамын сендер қайталап айтып отырасыңдар.*

*–Бақшада нелер өседі?*

*Жемістер,көкөністер өседі.*

*–Жемістер қайда өседі?* *-Бауда.*

*–Бақшада не өседі?* *-Көкөністер.*

*–Ендеше балалар қандай көкөністерді білесіңдер?*

*Қияр,қызанақ,горох, шалқан.Көптеген көкөністер бар.*

*–Көкөністердің бізге пайдасы бар ма?*

*-Көптеген пайдасы бар.*

*Көкөністерде көптеген витаминдер бар,олар адам ағзасына пайдасы мол.*

*–Көкөністерді,жемістерді жинап,жер алдында жеу керек.*

*–Өйткені олардың сырты шаң,тозаң болады.*

***Қорытынды**:Балалар көкөністерді,жемістерді жуып жеу керек екенін біледі.Өлеңді мәнерлеп жатқа айта білді.*

# Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

*Күні:03.02.2022 ж*
*Тақырыбы: «Мен Раушан гүлмін»(би).*

*Мақсаты:Балаларды Раушан гүлімен таныстыру.Раушан гүлдерінің күтіп баптау,бізге берер пайдасы туралы түсінік беру.*

*Сабақ барысы:*

*-Балалар сендер гүлдердің түрлерін білесіңдер ме?*

*-Ия білеміз.*

*–Гүлдердің қандай түрлерін білесіңдер?*
*Раушан,Райхан,Қоңырау т.б*

*-Гүлдерді қай мезгілде егеміз? -Көктем мезгілінде егеміз.*

*–Қай мезгілде жинап аламыз?*

*-Күз мезгілінде. –Гүлдерді қалай күтіп,баптаймыз?*

*-Су құямыз,арам шөптерден тазартамыз.*

*–Гүлдерді не үшін өсіреміз?*

*-Бір-бірімізге сыйлау үшін.*

*–Бір-бірімізге қай кезде сыйлаймыз?*

*-Қуаныш мерекелерде сыйлаймыз.*

*–Дұрыс айтасыңдар балалар.*

*–Біз осы Райхан гүлімен биін билеуді ұнатасыңдар ма?*

*-Сендер тағы қандай гүлдермен биледіңдер?*

*-Ромашка,семешка,т.б.*

*–Ендеше біз Раушан гүлінің биін билейміз.*

*–Қыздар билегенде бір-бірімізден озбай,бір-бірімізге кедергі жасамай,арақашықтық сақтап билеуді үйретеміз.*

*–Қолымызды гүлдер қалай ашылады соның қимылын көрсетеміз.*

*–Гүлдердің күлтелері күн шыққанда ашылып,күн бұлттанғанда жабылады.*
*–Гүлге су құйсақ жайқалып өсе түседі.Су құймасаң құрай бастайды.*

*–Міне балалар біз осы Раушан гүлін бақылап соған қарап барып би шығарамыз.*

*–Раушан гүлінің түстері қандай болады?* -

*Қызыл,сары,ақшыл қызыл, көгілдір,т.б.* *–Гүлге қарап үстімізге киім киеміз.Осылай би туындайды.Жарайсыңдар,балалар.*

***Қорытынды**:Балалар гүлді бақылап,соның қимылына қарап билейді.*

## Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

*Күні: 10.02.2022 ж*

***Тақырыбы**:Көктем келді гүл алып.(жаттау).*
***Мақсаты**:Балаларды көктем мезгілімен таныстыра отырып,көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру.*

***Сабақ барысы**:*

*-Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем.*
*–Дұрыс айтасыңдар балалар. –Көктем мезгілінде неше ай бар? -Үш ай бар.*
*–атап айтайықшы. – Наурыз,сәуір,мамыр.*

*–Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады?*

*-Көктем мезгілінде күн жылына бастайды,ағаштар бүршік ата бастайды,құстар жылы жақтан ұшып келе бастайды,жауын шашын көп болады.*
*–Балалар мен сендерге «Көктем келді гүл алып»өлеңін оқып беремін.*
*–Балалар өлең не туралы айтылған? -Көктем туралы айтылған. –Көктем мезгілінде алғаш қандай гүлдер шығады?*

*-Бәйшешек,бақ-бақ,қызғалдақ гүлдері т.б.*

*–Бәйшешек гүлінің түсі қандай? -Көгілдір.*
*–Бақ-бақ гүлінің түсі қандай? -Сары.*
*–Қызғалдақ гүлінің түсі қандай? -Қызыл.*
*–Гүлдер бізге не сыйлайды? -қуаныш.*
*–Гүлдерді біз кімдерге сыйлаймыз? - Аналарымызға,апаларымызға сыйлаймыз.*

***Қорытынды**:Балалар өлеңді жатқа айта біледі.Гүлдерді қуанышқа сыйлайтынымызды біледі.*

## Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

*Күні: 17.02.2022 ж*

***Тақырыбы:** Бәйшешек.(гүлмен таныстыру).*

***Мақсаты:** Балаларды бәйшешек гүлімен таныстыру.Бәйшешек гүлдерінің қайда өсетіндері жайында,қай мезгілде өсетіні жайында таныстыру.*

***Сабақ барысы:***

*-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*

*-Көктем мезгілі.*

*–Көктем мезгілінде неше ай бар?*

*-Үш ай бар.*

*–Атап өтейікші.*

*Наурыз,сәуір,мамыр айлары.*

*–Көктем мезгілінің қандай ерекшеліктері бар?*

*-Құстар жылы жаққа ұшып келе бастайды;ағаштар бүршік атып,шөптер шыға бастайды,атап айтсақ.*

*–Бәйшешек,бақ-бақ гүлі.*

*–Бәйшешек гүлінің түсі қандай болады?*

*-Көгілдір.*

*–Бақ-бақ гүлінің түсі қандай болады?*

*-Сары түс болады.*

*–Бақ-бақ гүлі кез-келген жерде өсе береді.*

*–Бәйшешек гүлі қырларда,ашық алаңқайда адам баспайтын жерлерде шығады.*

*–Бәйшешек гүлі көктем мезгілінде шыға бастайды.*

*–Көктем мезгілінің алғашқы айларында көп шығады.Бәйшешек гүлі ерекше көгілдір кішкене нәзік болып келеді.*

*–Бәйшешек тек көктем мезгілінде ғана шығады,басқа мезгілде шықпайды.*

*–**Қорытынды:** Балалар бәйшешек гүлінің көктем мезгілінде ғана шығатынын біледі.*

## Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

*Күні: 03.03.2022 ж*

***Тақырыбы:*** *«Қызғалдақ гүлі»(жаттау).*

***Мақсаты:****Балаларды қызғалдақ гүлімен таныстыру.Көктемгі алғашқы гүлдермен оның ішінде қызғалдақ гүлінің ерекшелігімен таныстыру.*

***Сабақ барысы:***

*-Балалар сендер көктемгі алғаш шығатын гүлдерді білесіңдер ме?*

*-Бәйшешек,бақ-бақ,қызғалдақ гүлдері.*

*–Дұрыс айтасыңдар балалар.*

*–Қызғалдақ көктемде алғаш шығатын гүлдердің бірі.*

*–Қызғалдақ гүлінің түсі қандай болады?*

*-Қызыл,сары.*

*–Бақ-бақ гүлінің түсі қандай болады?*

*-Сары.*

*–Гүлдерді біз кімдерге сыйлаймыз?*

*-Апа,аналарымызға.*

*–Не үшін сыйлаймыз?*

*-Мерекелерде,қуанышқа сыйлаймыз.*

*–Балалар қызғалдақ гүлі көктемде шығып,көктем мезгілінде құрап жоқ болып кетеді.*
*–Сендер қызғалдақ гүлі туралы тақпақ жаттағыларың келе ма? Олай болса балалар мен сендерге қызғалдақ өлеңін оқып беремін, мұқият тыңдаймыз.*
*–Балалар қызғалдақ өлеңі не туралы екен.*
*Қызғалдақ гүлінің әсемдігі ерекшелігі жайында жазылған.*

*–Қызғалдақ гүлі өзге гүлдерден айырмашылығы бақ-бақ,бәйшешек гүлі көктемде шығып, көктем мезгілінде жоқ болып кетеді.*

***Қорытынды****:Балалар қызғалдақ гүлінің ерекшелігімен таныстыру.Өлеңді мұқият тыңдап, жатқа айта білді.*

**Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы**

***Күні:*** *24.02.2022 ж.*

***Тақырыбы:*** *«Көктемгі табиғатты бақылау».*

***Мақсаты:****Балаларды көктемнің табиғатымен таныстыру.Табиғаттың ерекшеліктерімен таныстыру.Табиғатқа деген қамқорлығын,сүйіспеншілігін ояту.*

***Сабақ барысы:***

*-Балалар жылдың қай мезгілі?*

*-Көктем мезгілі.*

*–Көктем мезгілінде неше ай бар?*

*-Үш ай бар.*

*–Дұрыс айтасыңдар балалар.*

*–Көктем мезгілінің қандай ерекшеліктерін білесіңдер?*

*-Жерде көк шөптер өседі,бақ-бақ гүлдері өседі,ағаштар бүршік атады,күн жылына бастайды,адамдар жер жыртып егін ege бастайды.*

*–Дұрыс айтасыңдар балалар.*

*–Үйде біз не егеміз?*

*-Бау-бақшаға жемістер,көкөністер егеміз.Оны күтіп баптай отырып жазда,күзде олардан егін аламыз.*

*–Көкөністер мен жемістердің бізге берер пайдасы бар ма?*

*-Көп пайдасы бар,бізге көптеген витаминдер береді.*

*–Ағаштар бүршік атып жапырақ жая бастайды.Ағаштардың бізге пайдасы бар ма?*

*-Ия бізге күн ыстықта пана болады,сая болады пайдасы мол.*

*–Бізге ағаштарды сындырмауымыз керек,құстарды атпауымыз керек,оларды аялап қамқор болу.Өйткені олар құстар,ағаштарды құрт құмырсқадан сақтайды.Біз табиғатқа қамқор болып сақтауымыз керек екен олардың бізге пайдасы бар ма екен?*

*-Ия пайдасы мол екен.*

***Қорытынды:****Балалар табиғатқа қамқор болуға,олар бізге пайдасы мол екенін түсінді.*

**Вариативтік оку қызметінің технологиялық картасы**

***Күні: 10.03.2022 ж***

***Тақырыбы: «Қызғалдақ»(аппликация).***

***Мақсаты:****Балаларды қызғалдақ гүлімен таныстыру.Қызғалдақ гүлінің ерекшелігімен,түр түсімен таныстыру.*

***Сабақ барысы:***

*-Балалар қызғалдақ қай мезгілде өседі,шығады?*

*-Көктем мезгілінде.*

*–Қызғалдақтың түрі түсі қандай болады?*

*-Қызыл,сары түсі бар.*

*–Қызғалдақ жіңішке ұзын сабақты ал қызыл түсті,үлбіреген әдемі дала гүлі.*

*-Үй қызғалдағының сәл айырмашылығы болады.Үй қызғалдағы сәл кішілеу болады.Оның отаны –қазақ жері.Расында да Қазақстанның табиғатында қызғалдақтың көптеген түрі өседі.Бұл сұлу гүл қазақ елі арқылы Жібек жолымен Түркия арқылы Голландияға жөнетілген.Қызғалдақтың оншалықты түрі қызыл кітапқа енген.*

*–Қызғалдақ гүлінің түбінде пиязтасы болады содан өніп өседі.Қызғалдақ гүлін үйде өсіру үшін арам шөптерден тазартамыз, су құйып тұрамыз.*

*–Балалар біз гүлді не үшін өсіреміз?*

*-Әсемдік үшін.*

*–Оны біз кімдерге сыйлаймыз?*

*-Апа ,аналарымызға,әпкелерімізге.*

*–Не үшін сыйлаймыз?*

*-Қуанышқа сыйлаймыз.*

*–Қызғалдақ гүлінің бізге берер пайдасы бар ма екен?*

*-Ия,бар екен.*

*–Гүл туралы кім тақпақ біледі.*

*Гүлсезім. Біз гүлдермен доспыз,*

*- Текке оны жұлмаймыз.*

**Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Мерзімі: 17.03.2022 ж**
**Тақырыбы:** «Әдемі гүл»
**Мақсаты:** Түстер туралы ұғымын бекіту,түстердің атын білуге машықтандыру,түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету,саусақ моторикасын дамыту

| Жағдаят | Көрнекіліктер | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|---|
| Іс-әрекет топта орындалады. | Түрлі –түсті гүлдер, көбелектер | Топқа гүл тістеген күшіктің кіруімен ғажайып сәт ұйымдастырылады. Күшік аузына тістеп кірген гүл шоғын терең дем алып иіскейді де, тыныс шығарған кезде гүлдер шашырап кетеді. «Ой балалар, мына гүлдерім шашылып қалды ғой, сендер маған көмектесесіңдер ме?» - деп сұрақ қояды. Ол үшін гүлдердің түстерін анықтайық. Әрқайсың жерден жинап алған гүлдің түсін атауларың керек. Енді осы түстерге сәйкес көбелектерді қондырайықшы-деп ұсыныс жасалады. «Көбелек» ойынын ойнауға шақырады. Тәрбиеші балалар жұмысын мадақтайды. | Ай тәріздес болып отырады. Балалар ауа-райына күннің ашық екенін айтып,терезеден қарап бақылау жасайды. Балалар қағаздарды қолмен ұстап,оларды қолмен ұстап танысады. Балалар «Көбелек» ойынын қызыға ойнайды. |
| | | | |

**Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Мерзімі:** 24.03.2022 ж

**Тақырыбы:** «Жемістерді жина»

**Мақсаты:** Қалыпты көлемдегі заттарды берілген үлгіге қарай көз мөлшермен анықтауды дамыту

| Жағдаят | Көрнекіліктер | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|---|
| Іс-әрекет топта орындалады. | 3-түрлі көлемдегі үлкен,орташа,кішкентай, 3-кәрзеңке үлкен,орташа,кішкентай, картоннан қырқылған алма және алма ілінген ағаштар | Тәрбиеші күз мезгілене тоқталады. Тәрбиеші балаларға алма ілінген ағашты көрсетіп: - «Балалар кішкентай алмаларды кішкентай кәрзеңкеге,орташаны орташа кәрзеңкеге, ал үлкен алмаларды үлкен кәрзеңкеге салуларың керек» - деп ортаға 3 баланы шығарады,алмаларды үзуді тапсырады.Ойын аяқталған соң алмалар қайтадан орнына ілініп, ойын әрі қарай жалғасады Балалар еңбегін бағалау. | Балалар күз мезгілінің ерекшеліктеріне тоқталады. Балалар өздерінің аналарына арнап жеміс-жидектер жасауға кіріседі. Балалар достарының жұмыстарына баға береді. |
| | | | |

## Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

***Күні :31.03.2022 Ж***

***Тақырыбы:*** *«Дәнді дақылдар туралы тақпақтар»*

***Мақсаты:****Балаларды дәнді дақылдар мен таныстыру.Өлеңді жатқа айтуға,мән-мағанасын түсіне білуге үйрету,тілдерін дамыту.*

***Сабақ барысы:***

*-Балалар сендер дәнді –дақылдарды білесіңдер ме?*

*-Ия білеміз .*

*-Қандай дәнді-дақылдарды білесіңдер.*

*-Арпа,бидай,сулы,маш,горох.т.б.*

*-Дәнді –дақылдар қайда өседі?*

*-Үлкен алқапта.*

*-Адамдардың көмегімсіз өсе ме?*

*-Жоқ.*

*-Оларды дәннен егеді,арам шөптерден тазартады,суғарады.*

*-Сендер дәнді дақылдар туралы тақпақтар білесіңдер ме?*

*-Ия.*

***Өркен:*** *Тойғызар аш жұртты,*
*Деседі оны «мұртты».*
*Ол-ас*
*Алтын тас.*

***Көркем:****Белшеден су кешіп,*
*Ақ күріш тұр өсіп.*
*Күн сайын шомылар,*
*Таза ғой бұл күріш.*

| **Ынталандыру Сезімді ояту** | **Шаттық шеңбер**<br>Достарды біз қолдаймыз<br>Қиын шақта қорғаймыз.<br>Тату – тәтті ұл– қыздар,<br>Күнде бірге ойнаймыз. | Шаттық шеңберге тұрады |
| **Ұйымдастыру шылық-ізденістік** | Ойынға қатысушыларға шек қойылмайды. Ойынға қатынасушылар көнге қаншадан асық шығаратынын алдын ала келісіп алады. Көнге жиналған асықтарды бір жерге басын қосып біріктіреді. Содан кейін көп асықтың ішінен бір белгілі асықты «Хан» деп сайлайды.Екінші ойыншылар көнге жиналған «әр ойыншы не бес, не он асықтан қосуға тиіс) асықты иіретін ойын жүргізуші тағайындап алады. Ол жиналған асықты ортаға екі қолдап иіріп тастай береді. Барлық асықтарды иіріп болған кезде «Хан» көп асықтың арасында көрінбей қалуы мүмкін, мұндай жағдайда ойнаушылардың барлығы асықты иірушінің «Ханды қара басты» деген дауысты естігеннен кейін бас салып асықтарды талап алады. Екінші жағдайда иірген асықтардың арасында «Хан» ашық жатса, онда «Ханмен» бүк жатқан асықты ату керек, ойын осылай жалғаса береді. Ойынның шарты бойынша «Ханмен» асықты атқан кезде басқа асықтарды қозғауға болмайды. Сөйтіп, ойын шарты бұзылғанға дейін немесе барлық асық атылып болғанға дейін ойын жүре береді. Ойын осылайша жалғаса береді.Балалар ойын шарты бойынша қызығушылықпен ойнайды. | Балалар ойын ережесін мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар ойынды ойнайды<br><br>Ережені естеріне сақтап, әр қимылдарын байыппен орындайды |
| **Рефлексивтік-жинақтаушы** | Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. | |

**Күтілетін нәтиже**

| | |
|---|---|
| **Білу керек** | Ойын ережесін бұзбай ойнай білу керек |
| **Түсінеді** | Ойын шартын түсіп, ұқыпты орындау. |
| **Қолдана біледі** | Ойынды керек сабақта қолдана білу. |

**Ұйымдастырылған оқу іс- қызметінің технологиялық картасы**

**Мерзімі:29.12.2021г**

**Бөлімдері:Вариативтік компонент**

**Тақырыбы:** ***«Ойлайық та, ойнайық!»***

**Мақсаты:** Балалардың танымдық үрдістерін дамыта отырып,ақыл-ойын, жылдам логикалық ойлауын,қиялын, ептілігін,есте сақтау қабілетін дамыту.Баланың бойындағы мүмкіндігімен қабілетін анықтау,балалардың сөздік қорын молайту, жағымды психологиялық ахуал орнату.

**Керекті құралдар: Арнайы ақ парақшаларда, боялмаған қонжық, түлкі, мысық, балапан, кірпі, ботақан, бақа, ат суреттері, арнайы саусаққа арналған бояулар.**

**Психологиялық сәт:**

Күлім қағып қолымды!
Бір,екі,үш деп соғайын!
Қарап тұрған көршіме,
Қолымды мен бұлғайын,
Жылы жылы жүзбенен,
Мандайынан сипайын!
Жылы жылы сөзбенен,
Жүрегімді сыйлайын,

**Психолог:** Енді балалар жылулық шеңберін жасап, бір-бірімізге жылы лебізімізді білдірейік.

- Мейірімді болайық!
- Әрқашан әдемі болайық!
- Аналарымыз аман болсын!
- Күніміз жарық болсын!
- Балабақшамыз жайнай берсін!
- Бәріміз дос болайық!

**Психолог:** Балалар, сендердің көңіл күйлерің өте жақсы екен, онда мен осы сәтті пайдаланып ойын арқылы сендердің қабілеттеріңді тексерейін.

1. **«Ойыншықты сипатта!»**

   Мақсаты: топта жағымды көңіл-күй орнату.

   Жүргізуші: балалар қазір мен сендерге мына қолымдағы ойыншықты әрқайсысына ұсынамын. Сендер осы ойыншықты ұстап тұрып, бір сөзбен сипаттауларың керек. Мысалы, жұмсақ, әдемі т.б. Содан кейін айтқан сөздеріңді есте сақтап қалып, сол жақтағы көршіңе сол сөзді айтасын, шеңбер бойынша жалғасып кете береді.

2. **«Сиқырлы қоржын» жаттығуы**

   Балаларды шеңбер жасай отырғызып жүргізуші олардың алдындағы кішкентай үстел басына отырады. Үстелдің басында сиқырлы қапшық тұр. Ішінде әртүрлі ұсақ ойыншақ тұр. Балаларды кезекпен шақырып, қапшықтың ішіндегі екі бірдей затты тауып алуды талап етеді. Мысалы. Екі доп, екі машина т.б Балалар қолымен заттарды сипап, бірдей затты тауып алғанан соң сипаттап айтады. Айтқанын тексеру үшін заттарды сыртқа шығарады, ойын осылайша жалғасады.

3. **«Сөздерді жаттап ал!» жаттығуы**

Жүргізуші: Балалар мен қазір сендерге сөздер оқимын. 1 минут ішінде еске сақтап қалуларың керек.Естеріңе сақтай алмасаңдар 2 мәрте тағы оқимын.Осылай балалардың есте сақтау қабілеттерін дамытуға болады.

Алма Балмұздақ

Сағат Өшіргіш

Кітап Қалам

Айна Ауыл

Ауа Су

Алақан Гүл

Доп Машина

**4 «Суреттерді есте сақтап ал»**

**5«Түстер» жаттығуы**

Психолог: балалар мен сендерге қазір қызыл, көк, сары немесе жасыл түстерді көрсетемін. Қай балаға жасыл түс кездессе, ол жасыл түсті 3 заттың атын атау керек. Айтқан затты қайталап айтуға болмайды. Мысалы, жасыл түсті алған оқушы жапырақ деп айтуға болады.

**6«Жұптап бояп шығайық» Мақсаты: түстерді қабылдату,бірігіп жұмыс істеуге үйрету.**

Жүргізілу барысы: Ұқсас түстерді жұптап шығу. Арнайы қолмен салатын бояуды саусақ ұштарына жағып шығады. Бас бармақпен саусақтарын жұптай отырып,төмендегі өлең жолдары арқылы түстерді жаттайды. Қоңыр қонжық, қара мысық, Сары балапан, Аппақ ботақан, Қызыл түлкі, Сұр кірпі,Жасыл бақа, Күлгін ат. Түстерді алдық жаттап. Дұрыс жаттап, бояғандардың суреттері үлгі тақтаға ілінеді.

6. **«Қобдишадағы тосын сый» жаттығуы**

Мен сіздерге бүгін тосынсый дайындап әкелдім, ол тосын сый мына менің қолымдағы қобдишаның ішінде тұр, қазір шеңбер бойынша барлығың көресіңдер, бірақ ішінде не көргендеріңді бір-бірлеріңе айтпайсыңдар келістік пе? Бұл қобдишаның ішінде ең бағалы, ең қымбат нәрсе. Барлығы қобдишаның ішіндегі айнаны көреді.

- Ал біз не көрдік? Айна
- Айнадан кімді көрдік? Өзіміздің бейнемізді
- Кім бұл тосынсыйға таң қалды?

Иа балалар біз бірінші өзімізді қандай болсақ та жақсы көрмесек, басқа адамдарды жақсы көре алмайды екенбіз. Әлемге деген махаббат өзімізден басталу керек. Өз-өзімізді жақсы көріп, бағалай білейік.

7. **«Алақан» жаттығуы.**

Мақсаты: өзін-өзі бағалауларын жоғарылату.

Психолог: балалар қазір алдарында тұрған ақ параққа өз алақандарыңды салуларың қажет. Содан кейін әркім өзінің салған алақанының ортасына сандарды жазыңдар

**8 «Зейінді бол!» жаттығуы**

Психолог: Балалар қазір мен сендерге сөздер оқимын, сол сөздердің ішінен сендер жануарлардың атын естігенде қол шапалақтауларың керек, ал құстың аттарын естігенде аяқтарыңмен топырлатасыңдар, балықтардың атауларын айтқанда, балық ұқсап жүзулерің керек. **Қарақат, алабұға, алма, түлкі, сандық, көгершін, сауысқан, шортан,**

**жолбарыс, теледидар, қарға, аю, гүл, тотықұс, кит, акула, бауырсақ, қоян, ақ шағала, шабақ, арыстан, қарлығаш.**

**9 Қарама-қарсы сөзді ата**

**Психолог: балалар мен қазір бір сөз айтып бір балаға доп лақтырамын допты алған бала, сол сөзге қарама қарсы сөз айтады. Ал бастадық. Күн-Түн,Аспан-жер.**

**10 Логикалық есеп ойындар.**

1, Түнде жаңбыр жауғаннан кейін күн шыға ма? (шықпайды,өйткені түн)

2.Күзетшінің басына торғай қонып отыр, күзетші не істеп отыр? (Күзетші ұйықтап отыр)

3.Теректе 5 алма өсіп тұр,Айжан екеуін үзін алды.Теректе неше алма қалды.(Теректе алма өспейді.)

4.Аспанда үш тауық ұшып жүр еді, аңшы екеуін атып алды,неше тауық ұшып жүр? (Тауық ұшпайды) Сергіту сәті. Көңілді күн

**10.Рефлексия «Күн»**

Психолог: балалар сендерге күннің 3 түрлі эмоциясы берілген: көңілді, немқұрайлы, көңілсіз. Сендер бүгінгі ойын сабақтан алған әсерлеріңді көңіл-күйлеріңді алдарыңда тұрған шуақтарға , күннің 3 түріндегі эмоцияның біреуін таңдап, шуақтарды орналастырасыңдар.

**Релаксация.**

-Балалар көзімізді жұмып денемізді бос ұстап бүгінгі ашық оқу іс әрекетінен алған әсерімізді есімізге түсірейік. (Ақырын әуен ойналып тұрады)

**қорытындылау**:

Бүгінгі оқу іс әрекетінен не білдіңдер?

Ұнады ма?

Балаларды мадақтау,жеке-жеке сыйлықтар беру.

**Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы**

Мерзімі: 04.01.2022 ж
Тақырыбы: «Қуыршақ қонаққа дайындалуда»
Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру
Көрнекіліктер
Ұзындығы , жуандығы, түсі әртүрлі ленталар

| Жағдаят | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
| --- | --- | --- |
| Іс-әрекет топта орындалады. | Қуыршақ қонаққа барады, киімін киюге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп бантиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантикті табу керек. Әдемі бантиктермен қуыршақтың шашын әсемдеу<br>**«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»**<br>Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі ленталар.<br>Ойынның мазмұны: Қуыршақ қонаққа барады, киімін киюге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп бантиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантикті табу керек. Әдемі бантиктермен қуыршақтың шашын әсемдеу.<br>Тәрбиеші балалар жұмысын мадақтау. | Балалар қызыға ойнап шығады.<br><br>Балалар түрлі қуыршақтарды бантиктермен әсемдейді.<br><br>Балалар өз жұмыстарына ризашылықпен қарайды. |
| | | |

*Қортындылау: Бүгінгі оқу іс әрекетінен не білдіңдер!*

*Ұнадыма!*

*Балаларды мадақтау, жеке-жеке сыйлықтар беру:*

# Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

**Мерзімі:11.01.2022 ж**

**Сабақтың тақырыбы:** «Кім жылдам» спорттық эстафеталық ойын.

**Сабақтың мақсаты:** Балаларды жұптасып бір тізбекпен аяқтың ұшымен, жанымен жүруге, алға жылжып секіруге, орташа қарқынмен секіруге жаттықтыру. Допты әр түрлі қалыпта бір – біріне беруді үйрету. Гимнастикалық отырғыштың үстімен допты домалатып жүруді үйрету. Қимыл қозғалыстарын, жылдамдықтарын, шапшаңдықтарын дамыту.

**Құрал жабдықтар:** 6 – пирамида, бала санына қарай доп (диаметр 10 – 12 см) гимнастикалық отырғыш, қимыл – қозғалыс ойынның атрибуттары. Әр топтың белгілері.

**Сабақ барысы:**
**1 – бөлім:**
Жалпы саппен жүріп келіп тұру. Денені тік ұстау, түзелу, сәлемдесу.
**Тәрбиеші:** Балаларға өте жақсы шыныққан күшті спортшы болып спорттық ойындарды ұйымдастыруға шақырады.
*Топ бала, топ бала,*
*Ойнап жүр топтала.*
*Жарыста топтала,*
*Жарысады көп бала.*
Балалар екі топқа бөлінеді. «Ұлан тобы» және «Қыран тобы» жалынды сәлем жолдаймыз.
*Екі – екіден саппен жүру,*
*Аяқтың ұшымен жүру.*
*Барлық бала көңілді,*
*Жақсы көрер ойынды* – деп ойынымызды бастаймыз

**«Ұлан тобы»**
Біз көңілді боламыз,
1, 2, 3, 4
Сау болса денеміз,
Үлкен болып өсеміз.

**«Қыран тобы»**
Аяқты аяққа тигізе,
Жанымызбен жүреміз.
Денемізді тік ұстап,
Пирамида жасаймыз.
«Жыланша» бізге жүр дейді
Ал еді «қоянша»
Секірейік бәріміз.

**2 – бөлім:**
Бұл эстафеталық ойында төреші сайланады.
**Ойынның шарты:**
Екі топ бірінің соңынан бірі сап түзеп тұрады, әр топтың алдына 2 – 3 м, қашықтықта бала санына қарай жалауша қойылады. Әр топтың санына 2 м

қашықтықта себет қойылады. Белгі бойынша екі топтың балалары қолдарын белдеріне ұстап, қос аяқтап секіріп жалауға дейін жетеді де, жалаушаны алып кері жүгіріп артқа тұра қалады. Қай топ жалаушаны тез алып бітсе, сол топ жеңіске жетеді. Осылай эстафеталық ойындар әрі қарай жалғаса береді.

**Эстафеталық жарыстар**

1. Допты аяқтың ортасына қысып, екі аяқпен алға қарай секіру.
2. Гимнастикалық отырғыштың үстінде өрмелеп тұрып мәреге жету.
3. Шығыршықпен қосаяқтап секіру.
4. «Себетке доп салу».
5. «Эстафета» «Тонельге өрмелеу».
6. «Жаңылма» ойыны.
7. «Хан талапай» ойыны.

**3 – бөлім:**

1. Әділқазылар алқасы екі топтың ойынын бағалап, бағасын беру.
2. Сабақты қорытындылау, мақтау – мадақтау.
3. Балалар қатар түзейді.
4. Екі топта топ бастаушылары ортаға шығып төс қағысып қоштасады.

**Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы**

***Мерзімі 18.01.2022 ж***
***Тақырыбы:Кедергілерден өту.***
***Ойынның мақсаты:*** Екі командаға бөлінген балалар тәрбиешінің белгісінен кейін, қыздар кедергіден секіріп, ұлдар жер бауырлап өтіп командаға келіп, келесі баланың қолын соғып, сол топтың соңына барып тұрады. Қай команда ойын ережесін бұзбай, ойынды бұрын аяқтаса, сол жеңіске жетеді.

***Ойынның ережесі:***
1. Кедергіден өтіп келген ойыншының қолы қолға тигенде ғана жүгіру керек.
2. Қыздар кедергінің үстінен секіріп өтеді, ұлдар жер бауырлап өтеді.
3. Кедергіден дұрыс өтпкген ойыншыға ескерту беріледі.

*Ойынның педагогикалық маңызы:*
Бұл ойын күнделікті кездесетін қарапайым кедергілерден тайсалмай өтуге, батыл, қажырлы болуға жаттықтырады. Епті болуға дағдыландырады.

**Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Мерзімі:25.01.2022 ж**

**Тақырыбы:** Кеглиді ұру.

***Ойынның мақсаты:*** допты дәлдеп лақтыруға үйрету.

***Керекті құралдар:*** доптар, кеглилер.

*Ойынның мазмұны:* ойыншылар екі командаға бөлінеді. Бір команданың кеглилері қызыл түсті, екінші команданікі көк түсті болады. Ойын алаңына кеглилер тізіліп қойылады. Ойыншылар доптарымен кезек – кезек кеглилерді дәлдеп құлатуға тырысады.

*Ойынның ережесі:*

1. Кеглилер ойынның басында ғана тізіледі.
2. Доптар ойын аяқталған жиналады.
3. Екі команданың доп лақтыру тәсілдері бірдей болуға тиіс.

*Ойынның педагогикалық маңызы:*

Ойын балалардың қимыл – қозғалыстарын, икемділіктерін арттырып, шапшаң, дәл қимылдауға үйретеді.

## Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

**Мерзімі:**01.02.2022 ж
**Тақырыбы**:Қырық аяқтар ойыны.
***Ойынның мақсаты:*** балаларды бір – бірінің белінен ұстап, тез жүріп, жүгіруге үйрету.

***Ойынның мазмұны**:* капитан командасын бастап жүреді. Ойыншылар капитаннан кейін бірінің беленен бірі п, тізбек жасап тұрады. Осы тізбек «Қырық аяқ» деп аталады. Мұғалімнің белгісі бойынша «Қырық аяқтар» адымдап алға қарай жылжи бастайды. Аяқ алыстары шатаспауы үшін капитандар «оң аяқ, сол аяқ» деп ескертулер жасайды. Аяқ алыс үйлесімі жақсарған сайын «Қырық аяқтар» аяқ алыстарын жеделдете түсіп, бір – бірінен озуға тырысады.
*Ойынның ережесі:*
1. Егер «қырық аяқтың» тізбегі жолда үзіліп қалса, олар тоқтап, тізбектерін дұрыстағаннан кейін ғана жүрістерін жалғастырады.
2. Капитанның «Оң аяқ, сол аяқ» бұйрығы барлық ойыншыға естілетіндей қатты шығуы тиіс.
3. Жол бойында аз тоқтап мәреге бұрын жеткен «қырық аяқ» жеңіске жетеді.

*Ойынның педагогикалық маңызы:*
Балалар бір – бірінің айтқан сөздерін тыңдап үйренеді. Өзінің қимыл – қозғалысын басқа ойыншылар қимылымен үйлестіріп, дұрыс нәтижеге жетуге талпынады.

### Күтілетін нәтиже

**Білу керек:** Ойын ережесін білу керек
**Түсінеді:** Ойын шартын түсіну.
**Қолдана біледі:** Ойынды керек сабақта қолдана білу.

## Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

**Мерзімі:** 08.02.2022 ж
**Тақырыбы**:Шығыршықпен жүгіру ойын.
***Ойынның мақсаты:*** екі оқушыны шығыршықтың ішінде тез жүгіруге үйрету.

***Керекті құрал:*** шығыршықтар.

***Ойынның мазмұны:*** екі команданың балалары екеуден бір шығыршықтың ішінде жүгіреді. Олар ысқырықтың білгі беруімен келесі жаққа жүгіреді.
*Ойынның ережесі:*
1. Ойын тек ысқырықпен басталады.
2. Барлық ойыншылар бір әдіспен шығыршықтың ішінде жүгіреді.
*Ойынның педагогикалық маңызы:*
Оқушы бүкіл денесіне байланысты ойынды бітіруге дағдыланады. Жалпы дене мүшелерінің қимыл – қозғалыстарын дұрыс үйлестіруге, сараптап күш салуға үйренеді. Қимылдары ықшамды, икемді, тез болады.

**Күтілетін нәтиже**

**Білу керек:** Ойын ережесін білу керек
**Түсінеді:** Ойын шартын түсіну.
**Қолдана біледі:** Ойынды керек сабақта қолдана білу.

## Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

**Мерзімі:** 15.02.2022 ж
**Тақырыбы:** Допты шығыршыққа түсіру.
***Ойынның мақсаты:*** допты қолмен ыршытып келіп, шығыршыққа дәлдеп түсіру әдістерін жетілдіру.

***Керекті құралдар:*** баскетбол добы, ысқырық.

***Ойынның мазмұны:*** Екі команда ойыншылары алаңда. Командалар шығыршықтарға қарап екі жақтан тізбек болып тұрады. Ойынның басталуына белгі беріледі. Ойыншы добын жерге соғып ыршытып келіп, допты шығыршыққа лақтырып, дәлдеп түсіруге тырысады. Қай ойыншының добы шығыршыққа түссе, сол бір ұпай алады.

*Ойынның ережесі:*

1. Допты жерге соғып ыршыту сызықтан басталады.
2. Ұпай тек шығыршыққа түсіргендерге ғана беріледі.
3. Допты ыршыту жүру кезінде жіберген қателіктері үшін командаға айып салынады.

*Ойынның педагогикалық маңызы:*
Балалардың баскетбол ойынына деген ынтасын арттыру. Доппен жаттығуларды толық меңгереді.

**Күтілетін нәтиже**

**Білу керек:** Ойын ережесін білу керек
**Түсінеді:** Ойын шартын түсіну.
**Қолдана біледі:** Ойынды керек сабақта қолдана білу.

## Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

**Мерзімі:22.02.2022 ж**
**Тақырыбы**:Родео эстафеталық ойын
***<u>Ойынның мақсаты:</u>*** командалар неше түрлі жаттығулар орындау арқылы өзара қимыл – қозғалыстарын үйлестіру, қимыл – қабілеттерін шыңдау.

*<u>Ойынның ережесі:</u>*
1. Екі ойыншы алақандарымен допты тіреп жүгіреді.
2. Екі ойыншы араларына доп қыстырып жүгіреді.
3. Екі ойыншы бастарымен допты тіреп жүгіреді.
4. Төрт ойыншы бастарына допты тіреп жүгіреді.

*<u>Ойынның педагогикалық мақсаты:</u>*
Эстафеталық ойындар балалардың бірігіп қимыл - әрекеттер орындауына қолайлы жағдай жасайды. Бірлесіп орындаған әрекеттердің нәтижесін көреді. Өзін - өзі ұстай білуге, тәртіпті болуға үйренеді.

### Күтілетін нәтиже

**Білу керек:** Ойын ережесін білу керек
**Түсінеді:** Ойын шартын түсіну.
**Қолдана біледі:** Ойынды керек сабақта қолдана білу.

## Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

**Мерзімі:** 01.03.2022ж

**Сабақтың тақырыбы:** ***<u>«Көңілді пингвин»</u>***

**Сабақтың мақсаты:**
**1. Білімділік мақсаты:** Жалпы сабақ барысында балаларға ойындардың ережесі мен өткізілуі оның орындалу барысын анықтау.
**2. Тәрбиелік мақсаты:** Балалардың киім – киісі, киімдерін әдемілеп бүктеп, белгіленген орынға қойып сапқа бұрын тұруға тәрбиелеу.
**3. Дамытушылық мақсаты:** Балалардың шымыр да ширақ, епті де елгезек етіп өсіру, дене шынықтыру сабағында эстафеталық ойындарды ойнаға дағдыландыру.

**Сабақ өтетін орын: С**порт алаңы (зал). Залды «Спорт – денсаулық *кепілі*», «*Өмір, қимыл, қозғалысты талап етеді*» сынды т.б. плакаттармен безендіріп:

**Ойынға қажетті заттар:** таяқшалар, шарлар, доп, секірме жіп, лента, қаптар, қол шатыр.

**Кіріспе бөлім:** 10 минут. Топты қатарға тұрғызу. Оңға, солға және айнала бұрылуды 3 – 4 рет қайталау. Залды айнала саппен жүру. Қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру.
М.Н. Қолды жоғары көтергенде оның ұшына қарау. Қолды мықынға қойып жартылай отырып жүру. Одан төмендеп жүрелей отырып жүру. Отырған бетке алға қарай екі аяқпен секіру. Жүгіру, жаймен жүгіру. Адымдай басып тез жүгіру. Оқушылар алаңға келіп, шеңбер бойына қол ұстасып қатарға тұрады. Жалпы дамыту жаттығуларын орындайды.
1 – жаттығу. Б.Қ. аяқ иық кеңдігіне қойылады. 1 – 2 дегенде қолды алға жайымен соза жоғары көтеріп, аяқтың ұшына көтерілу. 3 – 4 дегенде жаймен қолды бүйір арқылы төмен түсіру. М.Н. Қолды жоғары көтергенде қолдың ұшына қарап дем алу. Қайтадан бастапқы қалыпқа келгенде дем шығарылады. 3 – 4 рет қайталанылады.
2 – жаттығу. Б.Қ. Аяқ иық кеңдігінде, қол мықынға қойылады. 1 – 2 дегенде алға еңкейіп, кеудені солға қарай айналдыру. 3 – 4 дегенде осы жағдайда оң жаққа қарай айналдыру. М.Н. Денені

## Күтілетін нәтиже

**Білу керек:** Ойын ережесін білу керек
**Түсінеді:** Ойын шартын түсіну.
**Қолдана біледі:** Ойынды керек сабақта қолдана білу.

# Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы

**Мерзімі:**08.03.2022 ж

**Тақырыбы:** Ойнайық та, ойлайық!
**Мақсаты:** 1. Алған білімдерін қолдана білуге үйрету.
2. Логикалық ойлау қабілетін, тіл байлығын, ойын арқылы дамыту.
3. Достыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.
Көрнекілік: суреттер, шар, сандар, құрамақтар

Оқу іс- әрекетінің барысы

Тәрбиеші:Балалар сендер екі топқа бөлініп отырсыңдар.Екі топ өз топтарыңның атын қоясыңдар.1-ші топқа «Балапан», 2-ші топқа «Көгершін» деген топтарының аты қойылды.Балалар сендердің ұпайларыңды әділ қазылар анықтап отырады.
Сабақ алты кезеңнен тұрады. Олар:

1. Жыл мезгіліне (әңгіме құрау)
2. Жұмбақ айтысы (есеп шығарады)
3. Құрамақ
4. Сурет салу
5. Кім жылдам
6. Тілашар (жұмбақ жасыру)

Тәрбиеші: Балалар сендерге жыл мезгілдерінің суретін берем, суретке қарап әңгіме құрастыру
1-ші кезең Жыл мезгіліне әңгіме құрау
1-ші топ «Балапан» тобы көктем, жаз мезгіліне әңгіме құрады
2-ші топ «Көгершін» тобы күз, қыс мезгіліне әңгіме құрады
2-кезең Жұмбақ айтысы

2. Көлден ұшып алты қаз,
   Қайтып келді екі қаз,
   Шешуін кім табады тез.
3. Оң қолымда бес өрік,
   Сол қолымда бес өрік,
   Саған берем бес өрік
   Алатының неше өрік
4. Алдында үш балапан
   Артында үш балапан,
   Ақ тауықты қосқанда.
   Саны қанша балақан!

3- кезең Құрамақ
Бұл кезеңде балаларға үй берем, сол үйді құрап, жабыстырып 6,7,8,9, санның құрамын табу.
4- кезең Сурет салу
Суретті аяқтап салу, бояу
5-кезең Кім жылдам? Ойыны
Тақтаның алдын да жатқан сандарды, екі топта рет- реті мен қойып шығу.(1-ден-10 -ға дейін) сандарды ілу.
6- кезең Жұмбақ жасыру
Жауабын білген бала қолын көтеріп жауабын қазақша, орыс тілінде айту керек

1. Қыс бойына жатады
Тәтті ұйқыға батады (аю-медведь)

2. Өзі айлакер, өзі бір қу
Жүрген жері айқайда шу (түлкі- лиса)

3. Ұйқысынан тұрғанда
Айақтарын соғады
Тықыр шықса тышқаннан
Делебесі қозады( мысық- кошка)
4. Сылдырдан қорқады
Шошынып жортады (қоян- заяц)
5. Адамға серік
Күзетке берік (ит-сабака)

6. Белестен шыққан бесті ат
Бүкір келген желекті ат,
бейғам елді іздейді,
Малдан күдер үзбейді.(қасқыр- волк)
7. Бетін адам ашады
Білім нұрын шашады (кітап-книга)
8. Иір-иір денесі
Сахараның денесі
Ащы шөптер тамағы
Шөлге шыдап жатады (түйе-верблюда)

Ұпайлары анықталып,жеңімпаз топ марапатталады

**Күтілетін нәтиже**

Білу керек:Ойын ережесін білу керек

Түсінеді:Ойын шартын түсіну

Қолдана біледі: Ойынды керек сабақта қолдана білу.

**Вариативтік компонент «Қызықты ойын» технологиялық картасы**

**Мерзімі:15.03.2022 ж**

**Тақырыбы:** «Соқыр теке»

**Мақсаты:** Балалардың тапқырлығын, жылдамдығын, шапшаңдығын, ойлау қабілеттерін дамыту.

**Көрнекі құрал**: орамал

| Іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс – әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Сәлеметсіздер ме, балалар!<br>Шаттық шеңбері<br>Күнге қарайық,<br>Шашымызды тарайық<br>Керіліп дем алайық<br>Бойымызды жазайық<br>Секірейік, жүгірейік<br>Қуанайық, күлейік<br>Отырайық, дем алайық<br>Дем алып ап, жүрейік. | Шаттық шеңберін құрады.<br>Қимылдарды орындайды.<br>Балалар қызығушылық танытады. |
| Ұйымдастыру Іздестіру | Балалар, бүгін біз «Соқыр теке» ойынын ойнаймыз.<br>Бәріміз қатар – қатар тұрып, бірге қайталайық:<br>Бұзау, бота, құлыншақ,<br>Тоқты, серке, торпақ,<br>Тана, тай, тайлақ,<br>Құнан, дөнен бесті бар.<br>Малдың жасын айыра біл.<br>Естіп ал!<br>Бұқа, айғыр, қошқар, теке бар.<br>Сүзегенсің, тентек теке, жеке қал,<br>Көзін байла, теке – теке «Бақ – бақ»<br>Соқыр теке қайдан бізді таппақ.<br>Бастаушы қатар тұрған балаларды жоғарыда аталған атаулармен атайды. Ең соңғы аталған бала «Тентек теке» болады. Ойын басқарушы «Тентек теке» атаған баланы көзін орамалмен жауып, ортаға шығарады.<br>Балалар:<br>Соқыр теке бақ – бақ<br>Біз айьамыз тақпақ.<br>Мықты болсаң тауып көр.<br>Бізді қайдан таппақ<br>«Соқыр теке» балаларды ұстауға ұмтылады. Ұсталған бала «Соқыр теке» аталып, ойын жалғаса береді. | Балалар шеңберге тұрады.<br>Қосылып айтады.<br>Көзін жабады.<br>Ойынды бірнеше р ойнайды. |
| | Сендерге ойын ұнады ма? Несімен ұнады?<br>Қандай ойын үйрендік?<br>Балалар, бүгінгі ойынымыз осымен аяқталды. | Сұрақтарға жауап береді. |

**Күтілетін нәтиже:**

Жаңғыртады: «Соқыр теке» ойынын

Түсінеді: Тақпақты

Қолданады: орамалды

**Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Мерзімі**: 22.03.2022 ж
**Тақырыбы:** «Не қайда тұрады?»
**Мақсаты:** Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту

| Жағдаят | Көрнекіліктер | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекет |
|---|---|---|---|
| Іс-әрекет топта орындалады. | Жануарлардың және олардың тұратын орталарының суреттері | Тәрбиеші жануарлардың және олардың тұратын орталарының суреттері арқылы балаларға иттің, қоянның, қойдың,торғайдың т.б суреттерін көрсетіп сұрақтар қою арқылы , әрқайсының тұру орталарына орналастыру қажеттігі түсіндіріледі (итке-үйшік, торғайға ұя, қойға-қора, қоян-қоршауға).<br><br>«Өз үйіңді тап» ойынын ойнайды.<br><br>Тәрбиеші балалар жұмысын мадақтайды. | Балалар тәрбиешіге мән беріп тыңдайды<br><br>Балалар тәрбиешінің әрекетін қайталайды<br><br>Балалар ойын ойнайды.<br><br>Балалар өздерінің жасаған жұмыстарына риза болады. |
| | | | |

**Күтілетін нәтиже**

**Білу керек:** Ойын ережесін білу керек
**Түсінеді:**
**Қолдана біледі:**

**Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Мерзімі: 29.03.2022 ж**
**Тақырыбы:** «Суреттерді құрастыр»
Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік арақатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту
**Көрнекіліктер :**Әр түрлі суреттер: жемістердің,көкөністердің немесе ойыншықтардың суреттері

| Жағдаят | Тәрбиешінің әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Іс-әрекет топта орындалады | Балалар маған қараңдаршы қазір біз барлығымыз «Саңырауқұлақтар » ойынын ойнайтын боламыз.<br>Қағаз, оның пайдалануы туралы түсінік беру. Көрікті көктем келді.<br>1 - жаттығу.<br>Сурет бойынша әңгіме жазу.<br>Тірек сөздер: жеңіл киім, бүршік, ұя, ағаш, құстар, қар, су.<br>2 - жаттығу. Жасырын сөздерді тауып, өлеңді оқу.<br>(Көктем келді) күлімдеп,<br>(Жердің беті) құлпырып.<br>(Күннің көзі) шуақты,<br>(Жылғалардан) су ақты.<br><br>Сергіту сәті.<br>Мынау менің жүрегім<br>Осыдан бәрі басталады<br>Мынау менің басым<br>Осы бәрін басқарады<br>Менің оң қолым<br>Мынау менің сол қолым<br>1, 2, 3 біз жинаймыз күш.<br>3 - жаттығу. Әр қатар өздеріне берілген сурет бойынша жұмбақ құрастырады.<br>1 - қатар. Күн<br>2 - қатар. Гүл<br>3 - қатар. Мұз<br><br>4 - жаттығу. Тақтамен жұмыс.<br>Ұлттық ойындар: асық, арқан тарту, алтыбақан, қыз қуу, күрес.<br>Ұлттық киімдер: камзол, кимешек, | Балалар жақсы көңіл-күймен ойынды ойнап шығады.<br><br>Балалар қуана келіседі.<br><br>Балалар өз жұмыстарына өздері қуанады. |

| | | |
|---|---|---|
| | сәукеле, тақия, ішік.<br>Ұлттық тағамдар: наурыз көже, ет, жеңт, қазы - қарта, жал - жая, құрт, ірімшік, қымыз, шұбат.<br>Бекіту.<br>- Көктемде қандай өзгерістер болады?<br>- Көктемнің алғашқы мерекелерін ата. Балаларға кез-келген кесілген суреттер таратылады да, осы суреттерден бүтін суреттер құрастыру керектілігі түсіндіріледі<br>Баланың ой-қиялын, кеңістікте орналастыра білу дағдысын дамыту.<br><br>Балалар жұмысын мадақтау. | |

***Қортындылау:*** *Бүгінгі оқу іс әрекетінен не білдіңдер!*

*Ұнадыма!*

*Балаларды мадақтау, жеке-жеке сыйлықтар беру:*

**Вариативтік оқу қызметінің технологиялық картасы**

**Мерзімі: 05.04.2022**

**Тақырыбы: «**Арқан тартпақ».

**Мақсаты**: Балалардың денсаулығын шынықтыра отырып,қимыл әрекеттерін жетілдіру.Ұлттық,тұрмыс,салт-дәстүрі туралы әсерлерін толықтыру.

**Әдіс-тәсілдері**: Сұрақ-жауап,әңгімелесу.

**Көрнекіліктер**: Арқан

**Ойын барысы**: Алаңға балалар жиналады,екі топқа бөлінеді.Екі топқа ат беріледі,мәселен:марғұлан және айбын деген атаулар беріледі.Ортаға сызық сызылады,балалар екі жақтан арқан тартады.Ортадағы көлденең сызықтанқай бірінші болып сүйреп өткізсе,солар жеңімпаз атанады.

**Сергіту сәті**: Орнымыздан тұрамыз,
Алақанды соғамыз,
Бір отырып,бір тұрып
Күшімізді жиямыз.

**Қорытынды:**Балалар ойын ережесін сақтап,ойынды қызыға ойнайды.

**Мерзімі:** 12.04.2022

**Тақырыбы:** «Түйе мен бота».

**Мақсаты:** Балаларды ұлттық ойындарды ойнауды ұрпақтан- ұрпаққа жалғастыру мақсатында қазақ халқының тіршілік әрекетіне байланысты іс-әрекеттерін дамыту.

**Әдіс-тәсілдері:** әңгімелесу,бағдар беру.

**Көрнекіліктер:** түйе және бота атрибуттары.

**Ойын барысы:** Балалар таза ауаға шығады.Шеңберге тұрады.Шеңбер ортасына түйені шақырады.Яғни бір балаға түйенің рөлін береді.Түйе өз ботасын жүгіріп іздейді.Ал бота да өз анасымен боздап жүгіріп қауышады.Шеңберде тұрған балалар түйенің ботасын тығып ұстауға әрекет жасайды.Ойын соңында түйе өз ботасын тауып қауышады.Осылай әр бала түйе мен бота рөлін сомдап ауысып ойнап шығады.

*Желсе желдей еседі,*
Күшінің жоқ есебі,
Сондықтан да адамдар,
Жер қайығы деседі.

**Қорытынды:** Ойын шартын түсінеді.Ойынды балалар қызыға ойнайды.

**Мерзімі: 19.04.2022**

**Тақырыбы**: « Жаяу көкпар».

**Мақсаты**: Балалардың ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,ептілікке,шапшаңдыққа,төзімділікке,ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдері**: Сұрақ-жауап,әңгімелесу.

**Көрнекіліктер:** аттың атрибуттары.

**Ойын барысы**: Барлық балалар алаңға шығады.Бастарына аттың атрибуттары беріледі.Атрибуттарды киіп ұлдар қыздарды қуады.Ұсталған қыздар тақпақ,ән немесе би билеп береді.Осылайша ойынды жалғастыра береді.

**Сергіту сәті**: Бойыңды сергек тік ұста
Емін-еркін тыныста
Деміңді ішке тез алда,
Сол қолыңды соз алға.
Қол ұшына қара да,
Үшбұрыш сыз ауада.
Оң қол да бос тұрмасын,
Шеңбер жасап зырласын.

**Қорытынды:** Бағыт-бағдар беріледі,ойын ережесін бұзбай,қызыға ойнайды.

**Мерзімі:26.04.2022**

**Тақырыбы**: «Аңшылар».

**Мақсаты**: Баларды ұжым мақсат әрекетіне дағдысын,назар ықыласын дамыту.Бір-біріне деген құрмет,жеңуге деген ұмтылысты дамыту.Ой-өрісін,жадын дамытып,әрекет үйлесімін жетілдіру.

**Әдіс-тәсілдері**: сұрақ-жауап,әңгімелесу.

**Көрнекіліктер**: доптар

**Ойын барысы:** Ойынға қатысушылар араларынан біреуін ойын жүргізуші етіп сайлап алады да,кең жазық алаңға жиналады.Тәрбиеші белгіленіп сызылған шеңбердің бойына ,қолына доп беріп,үш жерге үш ойыншы тұрғызады,-бұлар аңшылар.Қалған ойыншылар үйрек болып,ойын тәрбиешінің берген белгісі бойынша шеңбердің ішіне жамырамай жүгіріседі де,тоқта деген кезде бәрі орындарында қозғалмай тұра қалады.Осы кезде аңшылар қолдарындағы доптарымен үйректерді атқылай бастайды.Аңшылар атқылаған кезде үйректерге доптан қашуға болады,бірақ тұрған орындарынан жылжуға болмайды.Доп тиген үйректер аңшыны алмастырады,ал үйректерге тигізе алмаған аңшылар доптарын алып қайтадан атқылайды.Осылайша үш аңшы орындарын ауыстырғаннан кейін ойын қайта жалғасады.

**Қорытынды:** Ойын шартын түсініп,ұқыпты ойнайды.

**Мерзімі: 03.05.2022**

**Тақырыбы:** : « Асық жинау».

**Мақсаты**: Қазақтың ұлттық ойындары арқылы балаларға қазақтың салт – дәстүрі,әдеп-ғұрпын,туған елге,жерге,өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

**Әдіс-тәсілдері**: сұрақ-жауап,әңгімелесу

**Көрнекіліктер**: асықтар.

**Ойын барысы:**

Ойнауға тілек білдірген барлық бала екі-екіден бөлініп, сақаларын қосып жіберіп, кезектерін анықтау үшін иіре бастайды. Бірінші кезек алған ойыншы қарсыласына өзінің шартын айтады. Ондағы мақсаты - қарсыласының сақасын атқан кезде шамасы келгенше алысқа ұшырып түсіру. Содан кейін сақаның алғашқы жатқан орнынан ұшып түскен жеріне дейінгі ара-қашықтықты табан ұзындығымен өлшейді, сөйтіп қанша табанға ұшырса, атушы сонша ұтқан асығын алады. Бұл жерде бәрі шарттасуға байланысты: әр үштабанға бір асық, не табан басына бір асық болуы ықтимал. Бұдан кейін екінші ойыншы қарсыласының сақасын атады. Осылайша кезектесумен ойын жалғаса береді.

**Мерзімі: 17.05.2022**

**Тақырыбы: «Сиқырлы таяқ».**

**Мақсаты**: Балаларға ұлттық ойындар ойнату арқылы ой –өрісін зейінін дамыту.Ойынға қызығушылығын арттыру.

**Әдіс-тәсілдері**: сұрақ-жауап,әңгімелесу.

**Көрнекіліктер**: таяқ.

**Ойын барысы:**

Ойнаушылар қол ұстасып, дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Қолында таяғы бар ойын жүргізуші шеңбердің ортасына келеді де, ойынның тәртібін түсіндіреді.Ойнаушыларды бірден бастап түгел нөмірлеп шығады. Ойынның шарты бойынша ойын жүргізуші қолындағы таяғын шеңбердің ортасында тік ұстап тұрады да, бір нөмірді атап, таяқты қоя береді. Аталған нөмір таяқты жерге құлатпай ұстап қалуы керек, ал таяқты ұстай алмай құлатып алса, онда айып тартады, яғни көптің ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойынға қатысушылардың бәрі бір-бір реттен міндетті түрде ойнап шығулары керек, ал одан әрі ойынды жалғастыру-жалғастырмау ойнаушылардың өз еркінде. Ойнаушылардың саны көп болса, ойын қызықты өтеді.

**Қорытынды:Балалар ойын ережесін сақтап,ойынды қызыға ойнайды.**

**Мерзімі: 24.05.2022**

**Тақырыбы: «Бұқа тартыс».**

**Мақсаты:** Балалардың денсаулығын шынықтыра отырып,қимыл әрекеттерін жетілдіру.Ұлттық,тұрмыс,салт-дәстүрі туралы әсерлерін толықтыру.Ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру мақсатында қазақ халқының тіршілік әрекетіне байланысты ұлттық ойындарды ойнауға үйрету.

**Әдіс-тәсілдері:**әңгімелесу,түсіндіру.

**Көрнекіліктер:** арқан.

**Ойын барысы:**

Бұқа тартыс - күш сынасып ойнайтын ойын түрі. Алты құлаштай арқанды ортасынан түйықтап

байлап, ойынды басқарушы адам сол түйінді басып тұрады.

Екі адам екі жағынан келіп, желкесінен асырып қолтық астынан өткізіп, екі жаққа тартысып күш

сынасады. Белгіленген сызықтан асырып сүйреп кеткені жеңімпаз болып табылады. Кейбір

өңірлерде қазақтар арасында бұл ойын желке тартыс, серке тартыс, бәйге тартыс деп те

аталады.

**Сергіту сәті:**

Біз гүлдерше өсеміз

Жапырағы жайқалған.

Сабақтары салалы,
Желмен бірге жайқалған.

**Мерзімі: 31.05.2022**

**Тақырыбы: «Қамалды қорғау».**

**Мақсаты:** Балаларды ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру,ептілікке,шапшаңдыққа,төзімділікке,ұйымшылдыққа тәрбиелеу.Бір-біріне деген құрмет,жеңуге деген ұмтылысты дамыту.Ой-өрісін,жадын дамытып,әрекет үйлесімін жетілдіру.

**Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру,сұрақ-жауап.

**Көрнекіліктер:** орындық.

**Ойын барысы:**

**«Қамалды қорғау»** ойыны жазда, көгалды аланда өткізіледі. Ойынға мосы, ол болмаса орындық және жүннен жасалған доп керек. Ойынға қатынасушыларға шек қойылмайды.

Ортадан үлкен шеңбер сызылады. Ойнаушылар сол шеңберді бойлай қатарласа тұрады. Шеңбердің ортасына «қамал», яғни мосыны немесе орындықты қояды да бір ойыншы соны қорғаушы болады. Шеңбер бойында тұрған ойыншылар доппен қамалды атқылай бастайды, ал қорғаушы болса, допты «Қамалға» тигізбеуге тырысады. Кімде-кім допты «Қамалға» тигізсе, сол қорғаушымен орын ауыстырады. Ойын осылайша жалғаса береді. Ш

---

**Қорытынды:** ойын шартын түсініп,қызыға ойнайды.

БЕКІТЕМІН
«Мың бала» б/б меңгерушісі
Н.Қ.Арапова ______
2021-2022 оқу жылы

# Вариативтік компанент

# «Ертегілер елінде»

**«Қарлығаш» ортаңғы топ**

**Мерзімі:** 07.09.2021.

**Білім саласы:** «Қатынас»

**Білім бөлімі:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Не дәмді» ертегісі.

**Мақсаты:** Ертегіні тыңдау, әңгімелеу білімдерін тиянактау;
ертегіні тыңдап,ретімен әңгімелеуге тәрбиелеу,сөздік корларын дамыту.

**Әдіс-тәсілдер:** таныстыру, сұрақ -жауап

**Көрнекілігі:** Суреттер

**Ұйымдастыру кезеңі:** Балалардың көңілін ертегіге аудару.Ерте,ерте,ертеде ,ешкі жүні бөртеде – деп ергіні бастайды.

1.Өткен ертегілерді қайталау.Балалар калаулары бойынша кезекпен ертегі айтады. «Не дәмді» ертегісі.

1. «Не дәмді»ертегісінің мазмұнымен таныстыру.(балалардың өз білімдеріне сүйену)
2. Тақтамен жұмыс: Ертегі кейіпкерлерінің суретін тактаға кезекпен іліп,ертегіні көрсету.

**Сергіту сәті:** Алма бакка барайық
Алма жинап алайық
Ең үлкенін дәмдісін
Әжемізге силайық
(кимыл – козғалыс жасау)

3.Сұрақ – жауап:
-Көрдіңдерме әр адамдардың да өз сүйікті тағамдары бар еке
–Ал балалар ертегіден нені түсіндіңдер?

(балалардың жауабын тыңдау.барлығының сөйлеуіне мүмкіндік туғызу)

**Қорытындылау:** Ертегі ұнады ма? әңгімелесу.

**Мерзімі:** 14.09.2021.

**Білім саласы:** «Қатынас»

**Білім бөлімі:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** «Түлкі,қараторғай және қарға» ертегісі

**Мақсаты:**Ертегіні тыңдау, әңгімелеу білімдерін тыянақтау; ертегінің желісін есте сақтауға тәрбиелеу. Аңдар,құстар туралы сөздік қорларын дамыту.

Әдісі: таныстыру, сұрақ –жауап,көрсету

**Көрнекілігі:**Ертегі мазмұнына сәйкес суреттер,интерактивті тақтамен жұмыс

1. Ұйымдастыру кезеңі : 1.Балалардың көңілін оқу қызметіне аудару.Ерте,ерте,ертеде ,ешкі жүні бөртеде – деп бастайды
2.Өздері білетін ертегілерді қайталау.Балалар қалаулары бойынша кезекпен ертегі айтады

3. « Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісінің мазмұнын әңгімелету.

Ертегінің мазмұнына байланысты сұрақтар қою:
-Қарғаны кім ұстап алды?
- Түлкі қандай кейіп танытты?
- түлкі не істеді?

Ары қарай не болды деп ойлайсыңдар? Балаларға жалғастырып, ой бөлісу.
3.Интерактивті тақтамен жұмыс.

**Сергіту:** Ормандағы аюдың
Құлпынайы көп екен.
Теріп-теріп алайық,
Қалтамызға салайық.
Жуып-жуып алайық,
Ауызымызға салайық.( қимыл – қозғалыс жаттығу жасату)

**Қорытындылау**: Ертегі ұнады ма? әңгімелеу.

**Мерзімі:** 14.09.2021.

**Білім саласы:** «Қатынас»

**Білім бөлімі:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы**: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі

**Мақсаты**: Ертегіні тыңдау, әңгімелеу білімдерін тыянақтау; ертегінің желісін есте сақтауға тәрбиелеу. Андар,құстар туралы сөздік қорларын дамыту. Ертегінің желісін есте сақтауға тәрбиелеу

**Әдіс тәсілдер:** таныстыру, сұрақ -жауап

**Көрнекілігі**: ертегі мазмұнына сәйкес суреттер,интерактивті тақтамен жұмыс

**Сабақтың барысы**:

1.Ерте,ерте,ертеде ,ешкі жүні бөртеде – деп сабағымызды бастайық. Ертегі сабағы туралы түсіндіру 2..Өздері білетін ертегілерді қайталау.Балалар қалаулары бойынша , кезекпен ертегі айтады

3.« Қарлығаштын құйрығы неге айыр?» ертегісінін мазмұнын әнгімелету. Ертегінін мазмұнына байланысты сұрақтар қою:

-Айдаһарға не болды?
- ауруына қандай ем керек болды?
- түлкі не істеді?
- маса не істеді?
-. қарлығаштың құйрығы неге айыр болды?

Ары қарай не болды деп ойлайсыңдар? Балаларға жалғастырып, ой бөлісу.

3.Интерактивті тақтамен жұмыс. Ертегіні қайталап көру, «Қарлығаштын құйрығы неге айыр?»

**Сергіту:** Ормандағы аюдын
Құлпынайы көп екен.
Теріп-теріп алайық,
Қалтамызға салайық.
Жуып-жуып алайық,
Ауызымызға салайық.

Ертегінің мазмұнына байланысты ой бөлісу:кімдікі дұрыс,кімдікі дұрыс емес екені туралы

.

**Қорытындылау:** Сабақ ұнады ма? пікірлесу.

**Мерзімі:** 21.04.2021

**Білім саласы:** «Қатынас»

**Білім бөлімі:** Ертегілер елінде

**Тақырыбы:** Әтеш пен Ит.

**Мақсаты:** Ертегіні тыңдау, әңгімелеу білімдерін тыянақтау;ертегінің желісін есте сақтауға тәрбиелеу,сөздік қорларын дамыту.
**Әдісі:** таныстыру, сұрақ -жауап

**Көрнекілігі:** ертегі мазмұнына сәйкес суреттер,

1. Ұйымдастыру кезеңі: Балалардың көңілін суреттерге аудару. Ерте,ерте,ертеде ,ешкі жүні бөртеде – деп сабағымызды бастайық. Ертегі сабағы туралы түсіндіру.

1. Өздері білетін ертегілерді қайталау.Балалар қалаулары бойынша , кезекпен ертегі айтады.
2. «Әтеш пен ит» ертегісінің мазмұнымен таныстыру
3. Ертегінің мазмұнына байланысты сұрақтар қою:

- Ит Әтешке қайда кетейік деді?
- Әтештің даусын кім естіп қояды?
- Түлкі алдап әтешті жемекші болады?

Ары қарай не болды деп ойлайсыңдар? Балаларға жалғастырып, ой бөлісу.

**Сергіту сәті::** Ормандағы аю. қимыл – қозғалыс жасау

**Қорытындылау:** Ертегі ұнады ма? пікірлесу.

**Мерзімі:** 28.09.2021.

**Білім саласы:** «Қатынас»

**Білім бөлімі:** Ертегілер елінде

Тақырыбы: Мақта қыз бен мысық.

**Мақсаты:** Ертегіні тыңдау, әңгімелеу білімдерін тыянақтау; ертегінін желісін есте сақтауға тәрбиелеу, сөздік корларын дамыту.
**Көрнекілігі: ертегі**::мазмұнына сәйкес суреттер,интерактивті тактамен жұмыс

**1.Ұйымдастыру кезеңі :** Балалардын көнілін ертегіге аудару.Ерте,ерте,ертеде ,ешкі жүні бөртеде – деп сабағымызды бастайық. Ертегі сабағы туралы түсіндіру.

1.Өздері білетін ертегілерді кайталау.Балалар қалаулары бойынша ,

«Мақта қыз бен мысык» ертегісінің мазмұнымен таныстыру.
Ертегінің мазмұнына байланысты сұрақтар қою:
Макта кыз не істеп жүрді?Мысықты не үшін шақырды?Мысық не істеді?

Ары қарай не болды деп ойлайсыңдар? Балаларға жалғастырып, ой бөлісу.

